10-сыныптың физика пәні мазмұнының едәуір кеңеюімен және күрделенуімен сипатталады. 10 сыныпта механика, жылу физикасы, электр және магнетизм бөлімдерді оқытылады. Бұл бөлімдердің әрқайсысы тек жаңа физикалық ұғымдар мен заңдарды ғана емес, сонымен қатар танымдық іс-әрекеттің күрделірек түрлерін – абстрактілі ойлауды, модельдеуді, графиктік талдауды және эксперименттік зерттеуді талап етеді. Осындай жағдайда мұғалімнің рөлі дайын білімді жай ғана жеткізуден оқушылардың өздігінен ойлауын, есеп шығару біліктерін және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған мақсатты оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға ауысады [1,2].

Осы кезеңде физиканы оқытудың маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың ғылыми дүниетанымын, зерттеушілік іскерлігін дамыту. Қозғалыс заңдары, сақталу заңдары, газ заңдары, сондай-ақ электрлік және магниттік құбылыстарды сипаттайтын ұғымдар мен іргелі заңдарды оқыту барысында оқушыларда әлемнің физикалық көрінісінің тұтастығы мен үйлесімділігі туралы түсінік қалыптасады. Сонымен қатар, олар физиканың эксперименттік сипатын меңгеріп, жүйелі және кездейсоқ қателіктерді ажыратуға, өлшеу дәлдігін бағалауға және эксперимент нәтижелерін сыни тұрғыдан талдауға үйренеді. Мектепте физиканы оқытуда оқушыларда қалыптасқан бұл білімдер әртүрлі білім салаларында қолдануға болатын жалпы зерттеушілік іскерлікті дамыту үшін де маңызды.

Сонымен бірге, 10-сыныпта физиканы оқытуда оқушылардың алған теориялық білімі мен олардың практикалық тұрғыда қолданылуы арасындағы байланысты орнатудың да маңызы зор. 10-сыныптың физикасындағы жылу қозғалтқыштарына, электр тізбектеріне, магнит өрістеріне және электромагниттік құрылыстарға қатысты тақырыптар физиканың қазіргі техника, өнеркәсіп және күнделікті өмір үшін практикалық маңызын айқын көрсетеді. Физиканың осындай қолданбалы бағыттылығы оқушылардың зерттеушілік іскерлігін дамытуға және физиканың қазіргі ғылыми-техникалық прогресс контекстіндегі өзектілігін түсінуге көмектеседі.

Зерттеушілік оқыту мен зерттеушілік қабілетті дамыту мәселесіне теориялық шолу

Физиканы оқыту әдістемесінде оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту мәселесі соңғы жылдары психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ерекше мәнге ие болып отыр. Бұл бағыттағы еңбектерде зерттеушілік қабілет оқушылардың оқу әрекеті барысында ғылыми таным элементтерін меңгеруін сипаттайтын күрделі, көпқұрамды ұғым ретінде қарастырылады.

Мәселен, Б.Спабек өз зерттеуінде мектеп физика курсына оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етіп қояды. Автор зерттеушілік қабілеттерді оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетіне қатысуын қамтамасыз ететін когнитивтік, практикалық, ұйымдастырушылық және бағалаушы дағдылардың жиынтығы ретінде сипаттайды. Ол өз зерттеу жұмысында 9-сынып оқушыларына арналған эксперименттік тапсырмалар кешені қолданылған. Автордың тұжырымдауынша, проблемалық оқыту, эксперименттік тапсырмалар және бақылау әдістерін жүйелі қолдану оқушылардың зерттеушілік қабілеттерінің қалыптасуына оң әсер етеді [3].

Зерттеушілік қабілет ұғымының теориялық негізін ашуда В.В. Успенский, И.А. Зимняя, Е.А. Шашенкова, Н.Л. Головизнина еңбектері маңызды орын алады. Аталған авторлар зерттеушілік дағдыларды зерттеу қызметінің нәтижесі мен өлшемі ретінде қарастырып, оларды әртүрлі зерттеу мәселелерін шешу барысында қалыптасатын өз бетінше бақылау жүргізу, эксперимент жасау және қорытынды шығару қабілетімен байланыстырады. Бұл көзқарас зерттеушілік қабілетті оқушының дайын әрекеттерді қайталауы емес, дербес танымдық әрекеті ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ал Н.В. Сычкова, П.Ю. Романов, М.Н. Поголяева зерттеушілік қабілеттерді зерттеу қызметін орындауға қажетті әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті ретінде сипаттайды. Бұл авторлар зерттеушілік дағдыларды интеллектуалдық, практикалық білімдер мен біліктердің жүйесі деп түсіндіреді. Мұндай тәсіл зерттеушілік қабілетті оқыту үдерісінде мақсатты түрде дамытуға болатын құрылымдық элементтер жиынтығы ретінде қарастыруға негіз болады.

И.А. Зимняя мен Е.А. Шашенкова зерттеушілік дағдыларды зерттеу әрекетінің аспектілеріне байланысты үш топқа бөледі: интеллектуалдық-зерттеушілік, ақпараттық-қабылдау және өнімділік жағы. Бұл жіктеу зерттеушілік қабілеттердің тек теориялық пайымдаумен шектелмей, эксперимент жүргізу, деректерді өңдеу, нәтижелерді ұсыну сияқты әрекеттерді де қамтитынын көрсетеді. Аталған көзқарас физиканы оқыту барысында зертханалық жұмыстар мен эксперименттік есептердің маңызын теориялық тұрғыдан негіздейді [4].

Зерттеушілік қабілеттерді қалыптастырудың психологиялық негізі А.Н. Леонтьевтің әрекет теориясымен тығыз байланысты. Автордың әрекетті бағдарлау туралы тұжырымдарына сәйкес, зерттеушілік қабілеттердің жоғары деңгейде дамуы үшін оқушылардың әрекеттің бағдарлық негізін өз бетінше құра білуі маңызды. Бұл тұрғыда бағдарлаудың үшінші түрі ерекше мәнге ие, өйткені ол оқушыларды дайын нұсқауларды орындауға емес, әрекеттің жалпы құрылымын түсініп, оны жаңа жағдайларда қолдануға бағыттайды.

Осылайша, қарастырылған еңбектерді талдау зерттеушілік қабілетті оқушылардың ғылыми танымға тән әрекеттерді орындау мүмкіндігін сипаттайтын кешенді ұғым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Авторлардың зерттеулері физиканы оқытуда зерттеушілік қабілеттерді дамыту эксперименттік тапсырмалар, проблемалық оқыту және әрекетті саналы

жоспарлау арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Бұл тұжырымдар 10-сыныпта физиканы оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік іскерлігін дамытуға бағытталған әдістемелік негізді айқындауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

10-сыныпта физиканы оқыту әдістемесі

10-сыныптың физика пәнінің механика бөлімі: кинематика, динамика, статика және сақталу заңдары, сұйықтар мен газдар механикасы тарауларынан тұрады. Кинематика, динамика, статика және сақталу заңдары сияқты тараулар математикалық аппаратты физикалық мағыналармен біріктіруді талап етеді. Әдістемелік тұрғыдан алдымен физикалық шамалар, олардың арасындағы байланыстарын түсіндіріп, физикалық процестер немесе ғылыми теориялар арнайы белгілер, формулалар, схемалар және логикалық ережелер арқылы түсіндірілуі керек. Мысалы, кинематиканы оқыту кезінде оқушылар қозғалысты алдымен сапалық тұрғыдан – бақылау, графиктік бейнелеу және талқылау арқылы талдап, тек содан кейін кинематикалық теңдеулерді шығарып, қолдануы тиіс. Жылдамдықтың және үдеудің уақытқа тәуелділігі графиктерін пайдалану қозғалыстың физикалық мәнін оның математикалық сипаттамасымен байланыстыру қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мұнда оқушылардың эксперименттік және зерттеушілік іскерліктерін дамытуда маңызды. 10-сыныпта оқушылардан өлшеу дәлдігін ескере отырып эксперимент нәтижелерін тіркей білу, жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырату, сондай-ақ тәуелді және тәуелсіз айнымалыларды анықтай білу талап етіледі. Бұл зертханалық жұмыстар мен демонстрациялық эксперименттерді белсенді қолдану қажеттілігін туындатады. Әдістемелік тұрғыдан эксперименттер оқшауланған іс-әрекет ретінде емес, теориялық түсінуді қолдайтын оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Оқушылар гипотеза ұсынып, қарапайым эксперименттік процедуралар құрастырып, нәтижелерді талдайтын зерттеушілік сипаттағы зертханалық тапсырмалар ғылыми ойлаудың дамуына едәуір ықпал етеді.

Динамика және статика бөлімдерінде оқушылар инерттік және гравитациялық масса, күштер жүйесі, тепе-теңдік шарттары және инерция моменті сияқты абстрактілі ұғымдармен кездеседі. Түсінуді жеңілдету үшін проблемалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдану орынды. Әсер ететін күштерді анықтаудан бастап, күштер диаграммасын салу және тиісті заңдарды таңдауға дейінгі есеп шығару алгоритмдерін құрастыру оқушыларға ой қорытуын жүйелеуге және формальды қойып есептеуден аулақ болуға көмектеседі. Көрнекі модельдер, компьютерлік симуляциялар және өмірден алынған мысалдар, әсіресе айналмалы қозғалыс пен қатты дене динамикасын оқытуда, түсінуді тереңдетеді.

Молекулалық-кинетикалық теория мен термодинамиканы оқыту оқушыларды макроскопиялық құбылыстардың микроскопиялық түсіндірмесімен таныстырады. Бұл жерде әдістемелік басымдық молекулалардың қозғалысы мен температура, қысым және ішкі энергия сияқты бақыланатын қасиеттер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға берілуі тиіс. Бұл тақырыптардың абстрактілі сипаты модельдер, аналогиялар және графиктік бейнелерді қолданудың маңызын арттырады. Мысалы, газ заңдарын басқарылатын эксперименттер негізінде қарастыру оқушыларға эмпирикалық заңдылықтардың теориялық модельдердің қалыптасуына қалай әкелгенін көруге мүмкіндік береді және физиканың эксперименттік негізін нығайтады.

10-сынып физикасының ерекшеліктерінің бірі – теория мен практикалық қолданбалардың тығыз байланысы. Сұйықтар механикасы, жылу қозғалтқыштары және материалдардың қасиеттеріне қатысты тақырыптар физиканың техника мен күнделікті өмірдегі маңызын көрсетуге кең мүмкіндік береді. Әдістемелік тұрғыдан бұл қолданбалы есептерді, сапалық сұрақтарды және пәнаралық байланыстарды енгізуді талап етеді. Мұндай тәсіл оқушылардың мотивациясын арттырып қана қоймай, физиканы динамикалық әрі практикалық маңызы бар ғылым ретінде қабылдауға көмектеседі.

Шайбаның координатасын сипаттайтын гипотеза қозғалыстың физикалық шарттарымен толық сәйкес келеді. Көлбеу жазықтық бойымен жоғары қарай қозғалған шайба белгілі бір мезетте тоқтап, кейін кері бағытта қозғалып, бастапқы орнына қайта оралады. Бұл жағдайда координата уақыт бойынша алдымен артып, ең үлкен мәніне жетіп, кейін қайтадан бастапқы мәніне тең болады. Мұндай қозғалыс сипаты 3-графиктің геометриялық бейнесімен үйлеседі. Осылайша, гипотезаларды салыстыру және ішкі логикалық қайшылықтарды анықтау нәтижесінде оқушылар 3-график шайбаның координатасының уақытқа тәуелділігін сипаттайтыны жөнінде негізделген қорытындыға келеді.

Ал 2-график уақыт бойынша тұрақты теріс мәнді көрсетеді. Оқушылар бұл жағдайда шайбаға әсер ететін күштердің тұрақты екенін және қозғалыстың бірқалыпты үдемелі (баяулайтын) сипатта болатынын ескере отырып, 2-графиктің үдеуді сипаттайтыны жөнінде қорытынды жасайды. Мұнда да бірнеше ықтимал нұсқалар салыстырылып, физикалық заңдылықтарға сәйкес келмейтін болжамдар алынып тасталады. Осы есептің талдану барысы 10-сынып оқушыларының зерттеушілік іскерлігін дамытуға нақты үлес қосады. Оқушылар графиктердің физикалық мағынасын алдын ала болжау арқылы гипотеза ұсынады, әртүрлі пайымдауларды салыстырады және соңғы қорытындыны қозғалыстың нақты шарттарымен негіздейді. Мұндай жұмыс барысында дұрыс жауаптан гөрі, оған апаратын ой қорыту жолы маңыздырақ болады. Осылайша, 10-сыныпта физиканы оқытуда оқушылардың іскерліктерін дамытуда зерттеушілік сипаттағы есептерді қолдану олардың физиканың оқу материалын теориялық тұрғыда түсінуге, графиктермен жұмыс жасауға ықпал етеді.

10-сыныпта физиканы оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік іскерліктерін дамытуда зертханалық жұмыстардың да маңызы бар. Зертханалық жұмыс тек өлшеулер жүргізу құралы ретінде емес, физикалық заңдардың қолданылу шектерін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

10-сыныптың «Көлбеу науамен домалайтын дененің қозғалысын оқып үйрену» деп аталатын №3 зертханалық жұмысында шардың инерция моменті энергияның сақталу заңы негізінде эксперименттік түрде анықталады. Зертханалық жұмыста алынған

$$J = mR^2 \frac{4hH - l^2}{l^2}$$

теңдеуі шардың инерция моментін эксперименттік жолмен анықтауға мүмкіндік береді және ол энергияның сақталу заңына негізделіп шығарылған. Бұл теңдеудің шығу барысында шардың тұтас дене екені тікелей қолданылмайды, яғни $mgh = W_{\text{илл}} + W_{\text{айн}}$ теңдеуі дененің ішкі құрылысына тәуелсіз түрде орындалады. Сондықтан 10-сыныпта зертханалық жұмыста тұтас шардың орнына іші қуыс шар қолданылған жағдайда, энергияның сақталу заңының теңдеуі өзгермейді, ал эксперименттік жолмен анықталған J мәні өзгеше болуы мүмкін. Осы жағдай зерттеушілік іскерлікті дамытуға бағытталған маңызды сұрақ қоюға мүмкіндік береді: егер зертханалық жұмыста тұтас шардың орнына іші қуыс шар қолданылса, алынған теңдеулер өзгеріске ұшырай ма? Талдау барысында оқушылар энергияның сақталу заңының теңдеуі дененің түріне тәуелсіз түрде орындалатынын, алайда инерция моментінің мәні дененің массасының кеңістікте таралуына байланысты өзгертетінін анықтайды. Сондықтан эксперимент нәтижесінде табылған J мәні іші қуыс шар үшін теориялық $J = \frac{2}{3}mR^2$ өрнегімен салыстырылады. Мұндай салыстыру оқушыларға физикалық шамалардың тек формула арқылы емес, олардың физикалық мағынасы арқылы анықталатынын түсінуге мүмкіндік береді. Эксперимент нәтижелері мен теориялық модель арасындағы сәйкестікті талдау барысында оқушылар алынған формулалардың қолданылу шарттарын бағалап, физикалық заңдардың әмбебаптығы мен шектеулерін ажыратады. Осылайша, зертханалық жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеушілік іскерлігін дамытуға тиімді жағдай жасайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 10-сыныпта физиканы оқыту барысында оқушылардың тек пәндік білімін тереңдетуге ғана емес, олардың зерттеушілік іскерлігін мақсатты түрде дамытуға

бағытталуы тиіс. Физика эксперименттік ғылым болғандықтан оны оқыту барысында оқушылардан талдау жасауды, гипотеза ұсынуды, эксперимент нәтижелерін түсіндіруді және теориялық модельдермен салыстыруды талап етеді. Осындай оқу әрекеттері барысында 10-сынып оқушылары физикалық құбылыстарды дайын қорытындылар ретінде емес, ғылыми таным объектісі ретінде қабылдай бастайды. Зерттеушілік сипаттағы есептер мен зертханалық жұмыстарды саналы талдау деңгейінде ұйымдастыру оқушылардың физикалық заңдардың қолданылу шарттарын түсінуіне, эксперимент пен теория арасындағы байланысты анықтауына мүмкіндік береді. Әсіресе зертханалық жұмыстарда тәжірибе шарттарын өзгерту, алынған нәтижелерді әртүрлі теориялық өрнектермен салыстыру оқушылардың зерттеушілік іскерлігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде, оқушыларды ғылыми ойлауға, дербес қорытынды жасауға және физиканы іргелі әрі қолданбалы ғылым ретінде саналы түрде меңгеруге бағыттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кронгарт, Б.А.; Қазақбаева, Д.М.; Имамбеков, О.; Қыстаубаев, Т. *Физика: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім.* – Алматы: Мектеп, 2019. – 280 б.
2. Закирова, Н.А.; Аширов, Р.Р. *Физика: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық.* – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019. – 336 б.
3. Спабек, Б. *Мектеп физика курсының оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру // Theoretical Hypotheses and Empirical Results: 5th International Scientific Conference Proceedings.* – Oslo, Norway, 2023. – Б. 353–359.
4. Донесова, Қ. *Физика сабағында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін жоба әдісі арқылы дамыту // Qazaq Journal of Young Scientist.* – 2024.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18766304>

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС ПРОЦЕСІНДЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ

СЕЙТМАХАНБЕТ ҚЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Жаратылыстану педагогикасы және дене шынықтыру» кафедрасы

2 курс магистранты

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,

Алматы қ. Қазақстан

Түйін: жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Спорттық-бұқаралық жұмыстардың оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін, жауапкершілігін, бастамашылдығын және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижелері спорттық іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру көшбасшылық қасиеттердің тиімді қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: көшбасшылық қасиеттер, жоғары сынып оқушылары, спорттық-бұқаралық жұмыс, дене тәрбиесі, тұлғалық даму.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Бүгінгі мектеп түлегі тек пәндік біліммен ғана шектелмей, өмірлік жағдаяттарға бейімделе алатын, ұжымда тиімді қарым-қатынас орната білетін, жауапкершілік пен бастамашылықты өз мойнына ала алатын тұлға болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру – білім беру процесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Көшбасшылық қасиеттер тұлғаның өзін-өзі басқару қабілетімен, әлеуметтік белсенділігімен, шешім қабылдау дербестігімен және өзгелерге ықпал ете алуымен сипатталады. Бұл қасиеттер оқушының болашақ кәсіби қызметінде, қоғамдық өмірге белсенді араласуында және азаматтық ұстанымының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Сондықтан көшбасшылықты дамыту мәселесі педагогика мен психология ғылымдарында өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру тек оқу сабақтарымен шектелмей, тәрбие жұмыстары мен сыныптан тыс іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде спорттық-бұқаралық жұмыстар оқушылардың тұлғалық дамуына кең мүмкіндіктер береді. Спорттық іс-әрекет барысында оқушылар бәсекелестікке төтеп беруді, өз мүмкіндіктерін бағалауды, команда мүддесін жеке мүддеден жоғары қояды үйренеді. Бұл үдерістер көшбасшылық қасиеттердің табиғи түрде қалыптасуына ықпал етеді. Спорттық-бұқаралық жұмыстардың ерекшелігі – олардың ұжымдық сипатқа ие болуы және оқушыларды белсенді әрекетке тартуы. Мектепшілік жарыстар, спорттық мерекелер, туристік жорықтар мен эстафеталар барысында оқушылар ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетіп, жауапты шешімдер қабылдауға, өз құрдастарын соңынан ерте білуге дағдыланады. Мұндай жағдайларда оқушы өзін тек орындаушы ғана емес, бастамашы әрі көшбасшы ретінде сезінеді. Сонымен қатар, жасөспірімдік кезең – тұлғалық қасиеттердің қарқынды қалыптасуымен сипатталатын маңызды даму кезеңі. Осы жаста оқушылардың өзін-өзі танытуға, беделге ие болуға, ұжымда белгілі бір орынды иеленуге ұмтылысы артады. Егер бұл ұмтылыс педагогикалық тұрғыдан дұрыс бағытталса, спорттық-бұқаралық жұмыстар жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық әлеуетін тиімді дамыту құралына айналады. Жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық жұмыс процесінде көшбасшылық қасиеттерін дамыту мәселесін зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жетілдіруге, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық жұмыс процесінде көшбасшылық қасиеттерін дамытудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындау, тиімді әдістері мен формаларын анықтау және олардың білім беру процесіндегі тәрбиелік ықпалын негіздеу.



1-сурет: оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін өзара байланысты теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Теориялық әдістерге педагогика, психология және дене тәрбиесі салаларындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері жатады. Бұл әдістер көшбасшылық қасиеттер ұғымының мәнін ашуға, спорттық-бұқаралық жұмыстардың тәрбиелік мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Эмпирикалық әдістер ретінде педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу және диагностикалық әдістемелер қолданылды. Педагогикалық бақылау арқылы жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық іс-шаралар барысындағы мінез-құлқы, белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеттері мен көшбасшылық әрекеттері анықталды. Сауалнама мен әңгімелесу әдістері оқушылардың көшбасшылыққа деген көзқарасын, өзін-өзі бағалау деңгейін және ұжымдағы ролін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістемелер пайдаланылды. Алынған мәліметтерді өңдеу үшін сандық және сапалық талдау әдістері, пайыздық көрсеткіштерді есептеу, нәтижелерді салыстырмалы түрде талдау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық жұмыс процесіндегі көшбасшылық қасиеттерінің даму деңгейі тәжірибелік жолмен анықталды. Анықтау кезеңінде оқушылардың басым бөлігінде көшбасшылық қасиеттердің орташа және төмен деңгейде қалыптасқаны байқалды. Көптеген оқушыларда бастамашылық таныту, жауапкершілік алу және ұжымды ұйымдастыру дағдылары жеткіліксіз болды. Қалыптастыру кезеңінде спорттық-бұқаралық жұмыстарды мақсатты түрде ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, командалық спорт түрлері, мектепішілік жарыстар, спорттық мерекелер мен эстафеталар жүйелі түрде өткізілді. Оқушыларға ұйымдастырушы, команда капитаны, төреші көмекшісі сияқты жауапты рөлдер беріліп, олардың белсенді қатысуына жағдай жасалды. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, көшбасшылық мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етті. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, спорттық-бұқаралық іс-шараларға тұрақты қатысқан оқушылардың көшбасшылық қасиеттерінің даму деңгейі едәуір артты. Атап айтқанда, олардың бастамашылық танытуы, шешім қабылдау дербестігі, ұжыммен тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті және жауапкершілік деңгейі жоғарылады. Сонымен қатар, оқушылар арасында өзара қолдау, командалық рух және тәртіптілік көрсеткіштері жақсарды. Алынған нәтижелер спорттық-бұқаралық жұмыстардың тек дене дайындығын жетілдірумен шектелмей, оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң

әсер ететінін дәлелдейді. Бұл тұжырым отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілген спорттық іс-әрекеттің тәрбиелік мүмкіндіктері туралы ғылыми көзқарастармен үндес келеді. Талдау нәтижесінде спорттық-бұқаралық жұмыс процесінде көшбасшылық қасиеттердің дамуы педагогтың ұйымдастырушылық шеберлігіне, қолданылатын әдіс-тәсілдердің мазмұнына және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге тікелей байланысты екені анықталды. Осыған орай, спорттық іс-шараларды жоспарлау барысында оқушылардың дербестігі мен белсенділігін арттыруға бағытталған тапсырмаларды кеңінен қолдану қажеттілігі туындайды.

Зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық жұмыс процесінде көшбасшылық қасиеттерін тиімді дамытатындығын көрсетті. Спорттық іс-шаралар тек физикалық дайындықты жетілдірумен шектелмей, оқушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік белсенділігін арттыруға, жауапкершілік пен бастамашылық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Командалық спорт түрлері, мектепішілік жарыстар, эстафеталар мен спорттық мерекелер барысында оқушылар өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті, ұжымда белсенді рөл атқаруға талпынды, шешім қабылдауда дербестігін арттырды. Зерттеу барысында байқалғандай, спорттық-бұқаралық жұмыстарға қатысу оқушылардың көшбасшылық қасиеттерінің құрылымдық компоненттерін – бастамашылық, жауапкершілік, ұжыммен тиімді әрекеттесу, өз пікірін жеткізе білу, топ ішінде ынтымақтастықты нығайту – дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушыларға жауапты міндеттер беру, олардың белсенділігін қолдау және бастамашылығын ынталандыру арқылы көшбасшылық мінез-құлықтың тұрақты қалыптасуы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, көшбасшылық қасиеттердің дамуы педагогтың кәсіби шеберлігіне, спорттық іс-шараларды ұйымдастырудағы жүйелілік пен тиімді әдіс-тәсілдердің қолданылуына тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан педагогикалық тәсілдерді дұрыс таңдау оқушылардың жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, спорттық-бұқаралық жұмысқа тұрақты қатысу оқушылардың өзіне деген сенімін арттырады, ұжымда өзін-өзі басқаруға және өзгелерге ықпал етуге үйретеді, сондай-ақ әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Бұл нәтижелер жоғары сынып оқушыларының болашақ кәсіби және қоғамдық өміріне дайын болуына, өздерінің көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, жоғары сынып оқушыларының спорттық-бұқаралық жұмыс процесінде көшбасшылық қасиеттерін дамыту тек дене шынықтырумен шектелмей, олардың тұлғалық, әлеуметтік және психологиялық дамуының маңызды компоненті болып табылады. Зерттеу нәтижелері мектеп тәжірибесінде қолдануға жарамды, педагогикалық іс-тәжірибені жетілдіруге, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және болашақта көшбасшы тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл бағыттағы зерттеулер болашақта тереңдетіліп, оқушылардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға арналған жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Баймұратов Б. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2015.
3. Құдайбергенова К. Тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы. – Алматы, 2018.
4. Ильин Е.П. Психология лидерства. – Санкт-Петербург, 2016.
5. Ковалев С.А., Петрова Л.В. Педагогика спорта и воспитание лидеров. – Москва, 2014.
6. Ержанова А.Б. Тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін дамыту жолдары. – Алматы, 2019.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18766350>

СПОРТШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ ӘДІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

ЗЕЙНОЛДА АҚЖАН МУРАТУЛЫ

«Жаратылыстану педагогикасы және дене шынықтыру» кафедрасы

2 курс магистранты

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,

Алматы қ. Қазақстан

***Түйін:** спортшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған инновациялық дене дайындығы әдістерінің тиімділігі зерттеледі. Жаттығу үдерісінде функционалдық тренинг, НИТ, плиометрика, сенсомоторлық жаттығулар, VR-тренажерлер, wearables құрылғылары сияқты заманауи әдістерді қолданудың спортшылардың физикалық, техникалық және когнитивтік дағдыларына әсері талданады. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, инновациялық әдістер кәсіби дағдыларды дамыту динамикасын жылдамдатып, спорттық нәтижелілікті арттыруға ықпал етеді.*

***Түйін сөздер:** инновациялық дене дайындығы, кәсіби дағдылар, функционалдық тренинг, НИТ, VR, wearables, спортшылардың шеберлігі.*

Кәсіби спорт заманауи талаптар жағдайында тек жоғары физикалық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар спортшылардың арнайы техникалық, тактикалық және когнитивтік дағдыларының үйлесімді әрі қарқынды дамуын қажет етеді. Бүгінгі спорттық бәсекелестік деңгейінің өсуі жаттығу процесінің мазмұнын ғылыми негізде жетілдіруді, дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық тәсілдерді енгізуді өзекті міндетке айналдырып отыр. Спортшылардың кәсіби дағдылары – бұл қозғалыс дәлдігі, реакция жылдамдығы, координациялық тұрақтылық, жарылыс күші, төзімділік, жылдам шешім қабылдау және ойын немесе жарыс жағдайында тактикалық ойлау қабілеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Осы дағдыларды дамыту спорттық пәннің ерекшеліктеріне тікелей тәуелді және оларды қалыптастыру үшін арнайы бейімделген дене дайындығы әдістері қолданылуы тиіс. Дәстүрлі дене шынықтыру әдістері (жалпы дене дайындығы, арнайы дене дайындығы, қайталау, айналмалы, интервалдық жаттығу әдістері және т.б.) спортшылардың базалық физикалық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, кәсіби спорттың жаңа кезеңінде спорттық нәтижелілікті шынайы арттыру үшін тек физикалық компонент жеткіліксіз болуда. Жаттығу барысында жүктемені дербестендіру, спорттық жағдайларды модельдеу, биомеханикалық қозғалыс паттерндерін оңтайландыру, сенсомоторлық жүйені жетілдіру және психофизиологиялық көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылау сияқты бағыттар ерекше мәнге ие. Бұл өз кезегінде инновациялық әдістерді спортшылар даярлығына енгізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Инновациялық дене дайындығы әдістері спортшылардың кәсіби дағдыларын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Функционалдық тренинг қозғалыстың табиғи паттерндерін күшейтіп, дененің тұрақтылық пен күш-жылдамдық үйлесімін жақсартады. Жоғары қарқынды интервалдық жаттығулар (НИТ) спортшылардың анаэробты төзімділігі мен жүрек-қантамыр жүйесінің бейімделуін жылдамдатады. Плиометрикалық жаттығулар жарылыс күшін, қозғалыс реакциясын және жерден серпілу қабілетін жетілдіреді. Ал виртуалды шынайылық (VR) тренажерлері спорттық жағдайларды қауіпсіз ортада модельдеп, шешім қабылдау жылдамдығы мен техникалық әрекеттердің дәлдігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, wearables құрылғылары арқылы жүктемені, жүрек соғу жиілігін, қозғалыс амплитудасын және қалпына келу көрсеткіштерін мониторингтеу жаттығуды дербестендіріп, артық жүктемені болдырмауға және тиімділікті барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде спортшылардың кәсіби дағдыларын дамытудағы инновациялық тәсілдердің тиімділігі жиі талқыланғанымен, олардың дене шынықтыру әдістерімен кешенді интеграциясы, нақты спорттық пәнге әсер ету механизмдері және нәтижелілік көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген. Әсіресе, VR-технологиялар мен сенсомоторлық тренингтің физикалық дайындықпен үйлесімде кәсіби дағдыларға әсерін бағалайтын қолданбалы зерттеулер саны шектеулі. Сондықтан таңдалған тақырып кәсіби спортшыларды даярлаудағы әдістемелік олқылықтарды толықтырып, инновациялық дене дайындығы әдістерінің нәтижелілігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеуге бағытталады. Спортшылардың кәсіби дағдыларының даму динамикасын жылдамдату және спорттық нәтижелілікті тұрақты арттыру үшін дәстүрлі және инновациялық әдістердің тиімді комбинациясын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері кәсіби спорт, олимпиадалық резерв даярлығы, спорт мектептері мен жоғары оқу орындарындағы жаттықтыру процесін ғылыми негізде жаңғыртуға үлес қосады.

Спортшылардың кәсіби дағдыларын дамыту үдерісінде инновациялық дене дайындығы әдістерінің (функционалдық тренинг, жоғары қарқынды интервалдық жаттығу, плиометрика, сенсомоторлық жаттығулар, VR-технологиялар және жүктемені мониторингтеу құрылғылары) әсер ету деңгейін ғылыми-тәжірибелік тұрғыда анықтау, олардың нәтижелілігін салыстырмалы талдау арқылы бағалау және кәсіби спорттық даярлық жүйесіне тиімді интеграцияланатын кешенді әдістемелік модель ұсыну.

1. кәсіби дағдылардың физикалық (күш, жылдамдық, төзімділік, координация) және когнитивтік (реакция, шешім қабылдау, тактикалық ойлау) компоненттеріне ықпалын анықтау;

2. инновациялық әдістердің спорттық пән ерекшелігіне бейімделу тиімділігін бағалау;

3. жаттығу нәтижелерінің даму динамикасын, тұрақтылығын және қарқындылығын өлшеу;

4. спортшылар даярлығында дәстүрлі және инновациялық әдістердің оңтайлы үйлесімін негіздеу;

5. зерттеу нәтижелерін қолдана отырып, жаттықтырушыларға арналған практикалық ұсыныстар мен әдістемелік бағдарлама әзірлеу.

Спортшылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселесі спорттық педагогика, физиология, биомеханика және когнитивтік психология салаларының тоғысқан ғылыми тұжырымдамаларына негізделеді. Кәсіби спортшыларды даярлау теориясында дене дайындығы тек физикалық әлеуетті арттыру құралы ғана емес, спорттық техниканы орындау сапасын, тактикалық әрекеттердің тиімділігін және жарыс жағдайында жылдам әрі дәл шешім қабылдау қабілетін қалыптастыратын негізгі жүйе ретінде қарастырылады.

Зерттеудің басты теориялық тіректері:

• Спорттық периодизация теориясы (Т. Бомпа, М. Буххайт және т.б.) – спортшылардың физикалық және кәсіптік дағдылары кезең-кезеңмен, жүйелі жүктеме арқылы дамитынын дәлелдейді;

• Қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық концепциялары (Н. Бернштейн, Д. Нойманн) – қозғалыс паттерндерін қайталау мен вариативті жаттығу арқылы автоматтандыру кәсіби дағдыларды тұрақтандыратынын негіздейді;

• Функционалдық дайындық моделі – дене күшін табиғи қозғалыс тізбектерімен байланыстыру спорттық әрекеттердің қолданбалық шеберлігін арттырады;

• Жоғары қарқынды интервалдық дайындық (НИТ) теориясы – энергиямен қамтамасыз ету жүйелерін (анаэробты, аэробты) жылдам бейімдеп, кәсіби спорт талаптарына жауап беретін төзімділікті дамытады;

• Сенсомоторлық және проприоцепциялық дайындық теориясы – қозғалыс координациясы, тепе-теңдік және кеңістікте денені басқару дағдыларын күшейтеді, бұл әсіресе жылдам өзгермелі спорттық жағдайларда маңызды;

• VR-технологияларды қолдану тұжырымдамасы – спорттық ситуацияларды модельдеу арқылы когнитивтік шешім қабылдау, визуалды-моторлы реакция, тактикалық ойлау және техникалық әрекеттердің дәлдігін дамытуға мүмкіндік береді;

• Wearables және спорттық мониторинг теориясы – жаттығу жүктемесін нақты уақыт режимінде бақылау арқылы спортшының жеке физиологиялық шегін анықтап, дайындықты дербестендіру кәсіби дағдылардың нәтижелілігін оңтайландырады.

Зерттеу бағытын кешенді түрде негіздейді: спортшының кәсіби дағдылары физикалық компоненттермен қатар когнитивтік және моторлы-координациялық жүйелердің интеграциясы нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан дене дайындығы әдістерін инновациялық құралдармен (VR, сенсомоторика, функционалдық тренинг, НІТ және мониторинг жүйелері) ұштастыру кәсіби спорттық шеберліктің даму қарқынын жеделдететін тиімді модель ретінде қарастырылады. Зерттеу спортшылардың кәсіби дағдыларының даму динамикасына инновациялық дене дайындығы әдістерінің әсерін анықтауға бағытталған эксперименттік-педагогикалық сипатта жүргізілді. Зерттеу үдерісі теориялық талдау → тәжірибелік эксперимент → нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау кезеңдері бойынша ұйымдастырылды. Зерттеу базасы: спорттық даярлық ортасы, спорт мектебі немесе оқу-жаттығу тобы жағдайы (педагогикалық эксперимент жүргізуге қолайлы орта). Қатысушылар: зерттеуге кәсіби спорттық дайындықтан өтетін, таңдалған спорттық пән бойынша жүйелі түрде жаттығатын спортшылар тартылды. Қатысушылардың жасы, спорттық өтілі және дайындық деңгейі алдын ала іріктеу критерийлері бойынша теңестірілді.

Қатысушылар кездейсоқ таңдау (random sampling) әдісімен 2 топқа бөлінді:

Топ	Қолданылған әдістер
Бақылау тобы	Дәстүрлі жалпы және арнайы дене дайындығы (қайталау, айналмалы, интервалдық жаттығу)
Эксперимент тобы	Функционалдық тренинг + НІТ + плиометрика + сенсомоторлық жаттығулар + VR-тренинг + wearables мониторингі

1. Спортшылардың кәсіби дағдыларын дамытуда физикалық, моторлы-координациялық және когнитивтік компоненттерді бір жүйеге біріктіретін инновациялық дене дайындығының интегративті моделі ғылыми тұрғыда негізделіп ұсынылды;

2. Функционалдық тренинг, НІТ, плиометрика және сенсомоторлық жаттығулардың VR-технологиялармен үйлесімде қолданылуы кәсіби дағдылардың даму қарқынын жеделдететін көпфакторлы дайындық жүйесі ретінде алғаш рет эксперименттік салыстырмалы талдау арқылы дәлелденді;

3. VR-тренингтің спортшылардың тактикалық ойлау, ситуациялық шешім қабылдау және визуалды-моторлы реакция жылдамдығына әсері дене дайындығы әдістерімен кешенді байланыста зерттеліп, оның кәсіби дағдылар нәтижелілігіне статистикалық мәнді (significant) оң ықпал жасайтыны анықталды;

4. Wearables мониторинг жүйесін қолдану арқылы жаттығу жүктемесін дербестендіру кәсіби дағдыларды қалыптастыруда артық жүктемені болдырмай, тиімділік аймағын сақтай отырып, дағдылардың тұрақты прогресс динамикасын қамтамасыз ететіні ғылыми түрде нақтыланды;

Жүргізілген зерттеу нәтижелері спортшылардың кәсіби дағдыларын дамытуда инновациялық дене дайындығы әдістерін жүйелі және кешенді қолданудың жоғары тиімділігін дәлелдеді. Функционалдық тренинг, НІТ, плиометрика және сенсомоторлық жаттығулардың VR-технологиялармен және wearables мониторингімен интеграциясы кәсіби спорт талаптарына жауап беретін көпкомпонентті дағдыларды (күш-жылдамдық, координация, реакция, техникалық дәлдік және тактикалық шешім қабылдау) үйлесімді дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды.

Эксперименттік топтың көрсеткіштері дәстүрлі дайындықпен салыстырғанда кәсіби дағдылардың даму динамикасы бойынша 2–2,6 есе жоғары өсу коэффициентін көрсетті, бұл

инновациялық әдістердің спорттық шеберлікті қалыптастыру үдерісін едәуір жеделдететінін айғақтайды. VR-тренинг спортшылардың когнитивтік әрекеттерін нақты спорттық ситуациялар арқылы модельдеп, тактикалық ойлау мен decision speed қабілеттерін күшейтуге ерекше ықпал етті. Ал wearables арқылы жүктемені дербестендіру жаттығу қарқындылығын спортшының жеке физиологиялық мүмкіндіктеріне бейімдеп, кәсіби дағдылардың прогресін тұрақты әрі қауіпсіз түрде арттыруға жағдай жасады.

Зерттеу барысында алынған деректер инновациялық дене дайындығы әдістерінің тиімділігі тек физикалық көрсеткіштердің жақсаруымен шектелмей, спортшылардың кәсіби әрекеттерді орындау сапасына, қозғалыс тұрақтылығына және жарыс немесе ойын нәтижелілігінің артуына тікелей практикалық ықпал ететінін көрсетті. Бұл өз кезегінде инновациялық дайындық құралдарын кәсіби спорт, олимпиадалық резерв топтары және спорт мектептерінің оқу-жаттығу бағдарламаларына енгізудің ғылыми-практикалық маңызын растайды. Спортшыларды даярлауда дәстүрлі әдістерді толық алмастырмай, оларды инновациялық тәсілдермен оңтайлы үйлестіру кәсіби дағдыларды дамытуда ең нәтижелі стратегия екенін дәлелдейді. Ұсынылған дайындық моделі спортшылардың кәсіптік шеберлігін арттыруға, жаттығу процесін ғылыми негізде жаңғыртуға және спорттық нәтижелердің өсуіне тиімді әдістемелік негіз бола алады.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18766387>

THE POTENTIAL OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF CREATIVE WRITING AMONG HIGH SCHOOL STUDENTS

KISMETOVA G.

Candidate of pedagogical sciences, Associate Professor at
M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

KHALMENOVA R.

Master's student at the Department of Foreign Languages,
M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

Abstract. *This article examines the potential of digital technologies in the development of creative writing among high school students. Modern digital tools such as online platforms for collaborative text editing, visual storytelling applications, and idea generators that enhance students' creative activity are analyzed. Special attention is paid to the influence of the interactive and multimedia environment on the formation of motivation and the development of writing skills. Examples of effective integration of digital resources into the educational process are presented and the results of a pedagogical experiment are presented, confirming the positive impact of digital technologies on the development of creativity in writing.*

Keywords: *digital technologies, creative writing, high school students, written language, educational resources.*

Introduction

In the 21st century, the rapid development of digital technologies has profoundly transformed the landscape of education. Traditional methods of teaching are increasingly supplemented-and sometimes replaced—by innovative digital tools that offer new ways of engaging students in the learning process. One of the critical areas affected by this transformation is the development of writing skills, particularly creative writing, which plays a fundamental role in fostering students' critical thinking, imagination, self-expression, and communication abilities [1].

Creative writing, often perceived as an artistic endeavor, is becoming a vital component of modern education. It encourages students to go beyond standardized formats and explore language as a tool for storytelling, persuasion, and reflection. For high school students, who are on the threshold of adulthood and preparing for higher education or professional careers, developing such skills is essential not only for academic success but also for personal growth and cultural participation. However, motivating students to engage in creative writing remains a challenge for many educators, especially in environments where standardized testing and rigid curricula dominate [2].

This is where digital technologies present new opportunities. The integration of digital platforms—such as collaborative writing tools, blogging sites, story visualization apps, and artificial intelligence-based text generators—can significantly enhance students' motivation and engagement in writing tasks. These tools allow learners to co-create texts in real time, receive immediate feedback, visualize their stories, and share their work with authentic audiences beyond the classroom. Moreover, the multimodal nature of digital media supports diverse learning styles and helps students combine textual, visual, and auditory elements to enrich their creative expression.

Numerous studies suggest that the thoughtful incorporation of digital tools into writing instruction can positively impact students' creative capacities. In particular, high school students, who are generally more technologically literate and socially connected through digital media, can benefit from environments where writing becomes an interactive, meaningful, and collaborative process. However, the effectiveness of these technologies depends on their purposeful implementation, appropriate pedagogical strategies, and the readiness of both teachers and students to engage with them [3, 4].

The present study explores the potential of digital technologies in fostering creative writing among high school students. The research aims to (1) identify digital tools that are most effective in enhancing creative writing skills, (2) examine the attitudes of students and teachers toward the use of such tools, and (3) analyze the outcomes of integrating digital writing platforms into the classroom. Through a combination of literature review, case studies, and pedagogical experimentation, this article seeks to offer practical insights and evidence-based recommendations for educators who wish to develop students' creative competencies in a digital age [5].

In the article "The Use of Digital Learning Technologies in Philological Disciplines", R.N. Sharshova examines the possibilities of the digital educational environment (online courses, virtual classrooms, digital platforms) in teaching the Russian and English languages. The author emphasizes that digital technologies make it possible to organize work on written speech in a new way: to include tasks aimed at creating original texts, reflection, online portfolios, as well as to ensure continuous feedback from the teacher. These conclusions can be transferred to senior school students, since the logic of the step-by-step complication of writing tasks in a digital environment is directly related to the development of creative writing (essays, short stories, blogs) [6].

In the article "The Use of Digital Technologies in English Language Lessons: Psychological and Pedagogical Aspect", G.B. Sarzhanova analyzes English language lessons in grades 9–10 and shows how digital resources influence the motivation, attention, and emotional state of senior school students. The author notes that the integration of digital materials (online texts, videos, interactive tasks) increases students' readiness for written expression in a foreign language, since the tasks are based on personally significant topics and involve creative processing of content. This creates a methodological basis for the development of creative written speech through such tasks as a "digital diary," a mini-essay based on a video plot, and a script for a presentation or podcast [7].

In the article "On the Use of Digital Educational Resources in Teaching a Foreign Language", G.A. Sovetova and her co-authors examine the role of digital educational platforms in the formation of students' foreign language communicative competence. Based on the analysis of teaching practice and questionnaire data, it is shown that digital resources stimulate students' independent and project-based activities, including the preparation of creative written products (essays, reports, mini-projects), which are created and discussed in an online format. These provisions are important for senior school students, since a similar model (a digital platform + project-based writing tasks) can be used to develop creative written speech at school [8].

Methodology

The present study employed a mixed-methods research design to investigate the potential of digital technologies in fostering creative writing skills among high school students. This approach was selected to allow for a comprehensive understanding of both the measurable outcomes of using digital tools and the subjective experiences of students and teachers involved in the writing process. The research was conducted over the span of one academic semester, approximately four months, and involved participants from two urban public secondary schools.

The participants included sixty students aged between fifteen and seventeen years, enrolled in the 10th and 11th grades. They were divided into two groups: an experimental group and a control group, each consisting of thirty students. The experimental group received creative writing instruction that actively integrated a range of digital technologies, while the control group followed a traditional curriculum that relied on conventional methods such as textbook exercises, handwritten assignments, and teacher-led discussions. The selection of participants was made with consideration for gender and academic performance balance in order to minimize external influences on the research outcomes.

Instruction in the experimental group incorporated digital tools specifically selected for their pedagogical relevance, ease of access, and alignment with the goals of creative writing development. These included online platforms for real-time collaborative writing, visual storytelling applications, digital mind-mapping tools, and AI-powered writing assistants. The purpose of integrating these tools was to provide students with opportunities to engage in multimodal composition, collaborative text

creation, and immediate feedback cycles, all of which are recognized as factors enhancing learner motivation and creative output [6, 7].

Data collection occurred in several stages and involved multiple instruments to ensure the reliability and validity of the findings. Initially, a diagnostic creative writing task was administered to all students in both groups at the start of the semester to establish baseline writing proficiency. A similar task was administered at the end of the intervention to evaluate progress. The writing samples were assessed using an analytic rubric that measured criteria such as originality, coherence, narrative structure, vocabulary richness, and language mechanics. In parallel with the writing assessments, students were asked to complete pre- and post-intervention questionnaires designed to capture their attitudes toward writing, perceived challenges, level of engagement, and familiarity with digital writing tools.

To gain deeper insights into classroom dynamics and the learning process, regular classroom observations were conducted by the researchers. These observations focused on indicators of student participation, the use of digital tools during writing activities, and the nature of peer interaction and teacher support. Furthermore, at the conclusion of the intervention, semi-structured interviews were held with four English language teachers who facilitated the creative writing lessons in both the experimental and control groups. The interviews aimed to elicit reflections on instructional strategies, the effectiveness of digital integration, observed student behaviors, and any pedagogical challenges encountered during the study [6].

The collected data were analyzed using both statistical and thematic techniques. Quantitative data from the writing tasks and questionnaires were processed using descriptive statistics and paired sample t-tests to determine whether the observed differences in student performance and attitudes were statistically significant. Qualitative data obtained from classroom observations and teacher interviews were transcribed and analyzed thematically to identify recurring patterns, emerging themes, and illustrative examples that complemented the numerical findings [8].

Through this multifaceted methodology, the study sought not only to measure the efficacy of digital tools in enhancing creative writing skills but also to understand the contextual and experiential dimensions that influence how high school students engage with technology in their writing practice. This methodological approach provided a well-rounded foundation for interpreting the results and drawing meaningful conclusions about the pedagogical value of digital integration in the development of creative expression.

Experimental Study and Analysis of Results

To evaluate the effectiveness of various methodological approaches to enhancing creative writing skills among high school students, an experimental study was conducted at Secondary School No. 30 named after Khiuz Dospanova in the city of Uralsk. The experiment aimed to explore how integrating elements of Kazakh culture, including national literature and digital technologies, could influence students' motivation, imagination, and overall writing proficiency. This approach was grounded in the belief that culturally relevant content, paired with modern digital tools, can create a more meaningful and engaging educational environment that fosters the development of creativity in written expression.

The study was carried out over the course of one academic term and involved two tenth-grade classes. One class was assigned to the control group and received standard instruction in creative writing, based on the school's regular curriculum and traditional teaching methods. The other class served as the experimental group and was exposed to an innovative teaching methodology that incorporated excerpts from Kazakh literary works, storytelling rooted in national traditions, and the use of digital tools such as Google Docs for collaborative writing, Padlet for brainstorming, and Storybird for visual narrative development.

Each group consisted of 15 students, and their academic performance in creative writing was assessed both before and after the intervention. Prior to the experiment, students were given a creative writing task which was evaluated using a standardized rubric. The grading scale followed the typical

Kazakhstani system, where "3" corresponds to a satisfactory level, "4" to a good level, and "5" to an excellent level of achievement.

The distribution of students by grade in both groups prior to the experiment revealed that in the control group, 7 students received a grade of 3, 6 students received a grade of 4, and only 2 students achieved a grade of 5. In the experimental group, the distribution was slightly different: 5 students received a grade of 3, 7 students earned a grade of 4, and 3 students were assessed at grade 5.

Gemini AI	Веб-интеграцияланған зерттеулер, миға шабуыл және алғашқы жобалар
Paperpal	Академиялық тонды нақтылау және журналға арналған тілдік қолдау
Scholarcy	Зерттеу әдебиеттерін автоматтандырылған жинақтау және ұйымдастыру
Hemingway Editor	Құрылымдық айқындылық пен оқылымды жақсарту

Мәселелер: Когнитивтік және этикалық тәуекелдер. Жасанды интеллект құралдары ағылшын тілін үйреніп жүрген (EFL) жазушыларға құнды қолдау көрсетсе де, олардың академиялық ортадағы артуы бірқатар маңызды мәселелерді тудырады. Пайдасымен бірге маңызды когнитивтік және этикалық тәуекелдер де бар, әсіресе студенттер осы технологияларға тым тәуелді болған кезде. Gemini, Scholarcy немесе Paperpal сияқты құралдарға шамадан тыс сену сыни ойлау қабілетін әлсіретіп, шығармашылық жаңашылдықты төмендетіп, академиялық адалдық шекараларын бұлыңғырлатуы мүмкін.

Когнитивтік тәуелділік және сыни ойлаудың төмендеуі. Білім беру саласындағы жасанды интеллектке қатысты негізгі алаңдаушылықтардың бірі – «когнитивтік жүктемені беру», яғни студенттер ойлау мен жазудың ең күрделі кезеңін технологияға тапсырады. Мысалы, Scholarcy сияқты құралдар күрделі ғылыми мақалаларды автоматты түрде қорытындылайды. Бұл уақытты үнемдесе де, студенттерді терең оқуға - мәтіндерді талдау, олқылықтарды анықтау және идеяларды байланыстыру сияқты баяу, мұқият үдерістен бас тартуға итермелеуі мүмкін. Бұл күш-жігер болмаса, студенттер өз саласын толық түсінуде немесе өз түсіндірмелерін дамытуда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ұқсас түрде, академиялық жазу айқын және логикалық аргументтер құруды талап етеді. Студенттер эссе құрылымын немесе мәтіннің бүкіл бөлімдерін жасау үшін Gemini AI сияқты құралдарды пайдаланғанда, олар идеяларды өздері ұйымдастыруға қажетті ой жұмысын өткізіп жіберуі мүмкін. Уақыт өте келе бұл белсенді ойлаудың орнына пассивті редакциялауға әкелуі мүмкін, яғни студенттер өздерінің пайымдау дағдыларын дамытудың орнына ЖИ жасаған мазмұнды өңдейді.

Дәлдік иллюзиясы: галлюцинациялар және жалған ақпарат. ЖИ дәуіріндегі аса ауыр қауіп – «галлюцинациялар» мәселесі, яғни тілдік модельдер сенімді естілетін, бірақ шын мәнінде қате немесе мүлдем ойдан шығарылған ақпаратты жасайды. Gemini немесе ChatGPT сияқты құралдар жалған сілтемелер, дәл емес деректер немесе мүлдем жоқ сілтемелер жасай алады [16]. Осы нәтижелерді тексермей сенген студенттер тапсырмаларына қате ақпаратты кездейсоқ қосып, бұл ауыр академиялық салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, жасанды интеллект шынайы контекстік және мәдени түсінікке ие емес. Ол техникалық тұрғыдан дұрыс, бірақ белгілі бір пән немесе жағдайға сай келмейтін тілдік нұсқауларды ұсына алады, бұл жазушыны да, оқырманды да адастыруы мүмкін.

Этикалық және авторлық мәселелері. Ақырында, жасанды интеллектіні пайдалану академиялық адалдық пен авторлық туралы маңызды сұрақтарды тудырады [17]. ЖИ құралдары студенттердің жұмыстарын барған сайын қайта жазып немесе жетілдіре түскен сайын, «түпнұсқа жазба» деген не екенін анықтау қиындай түседі. Егер қосымша мәтінді

айтарлықтай басқа сөздермен қайта жазса немесе құрылымын өзгертсе, соңғы нәтиженің қаншасы шын мәнінде студентке тиесілі екені белгісіз болады. Бұл көмек пен шамадан тыс тәуелділік арасындағы тепе-теңдікті бұзып, плагиат пен меншік құқығы мәселелерін тудырады. Көптеген жетілдірілген жасанды интеллект құралдары ақылы жазылымды талап етеді, яғни қаржылық ресурстары мол студенттер жақсырақ қолдауға қол жеткізе алады. Бұл айырмашылық теңсіз бәсекелестік алаңын қалыптастырып, академиялық жетістіктердегі бар алшақтықты одан әрі ұлғайтуы мүмкін.

Интеграциялық стратегиялар: «ЖИ - Адам» серіктестігін құру. ЖИ-ді қауіп ретінде қабылдаудан арылып, оны серіктес ретінде қарастыруды бастау үшін жазуды оқыту процесі өзгеруі керек. Дәстүрлі оқыту әдістерінің орнын басудың орнына, ЖИ олармен бірге жұмыс істеуі тиіс. Процестік жазу мен Сократтық сұрақ қою сияқты тәсілдерді ЖИ-дің көмегімен жұмыс істейтін құралдармен біріктіре отырып, мұғалімдер технология оқуды қолдайтын, бірақ оқушылар негізгі ойшылдар мен шешім қабылдаушылар болып қала беретін теңгерімді ортаны құра алады. Бұрын жазуды оқыту негізінен нөлден бастап мәтін жасауға бағытталды. Қазіргі таңда ЖИ секундтар ішінде жобалық нұсқаларды жасай алатын болғандықтан, назар редакциялау, бағалау және ЖИ-ді тиімді басқару сияқты жоғары деңгейлі дағдыларға ауысуы тиіс. Маңызды дағдылардың бірі - «prompt сауаттылығы». Студенттер ЖИ-дің шығаратын нәтижесі олардың берген нұсқаулықтарының сапасына байланысты екенін түсінуі керек. Айқын, егжей-тегжейлі prompt-тер жазуды үйрену, контекст қосу, рөлдерді анықтау (мысалы, «*әріптес рецензент ретінде әрекет ет*») және нақты мақсаттарды қою – білім алушыларға жалпылама немесе анық емес мәтіннің орнына анағұрлым пайдалы әрі мағыналы нәтижелер алуға көмектеседі.

Сонымен бірге студенттердің рөлі өзгереді. Тек сөйлемдер құрумен шектелмей, олар редакторлар мен шешім қабылдаушыларға айналады. Бұл грамматика, стиль және құрылым жөніндегі дәстүрлі білімді одан сайын маңызды етеді. Студенттер ЖИ ұсынысының өз жұмысын жақсартатынын немесе әлсірететінін бағалай білуі керек. Мысалы, Hemingway Editor маңызды ойды тым жеңілдетіп жібергенін немесе Grammarly тым бейресми тон ұсынғанын анықтау.

ЖИ құралдары қателіктер немесе «галлюцинациялар» тудыруы мүмкін болғандықтан, сыни тұрғыдан сауаттылық аса маңызды. Сыныптағы пайдалы тапсырма – студенттерден ЖИ жасаған қысқаша мазмұнды толық мақаламен салыстырып, жіберілген немесе бұрмаланған мәліметтер мен нюанстарды анықтауды сұрау. Бұл оларға ЖИ-ді оқудың орнын баспайтын, бастапқы құрал ретінде қабылдауды үйретеді. Осы сияқты Gemini AI немесе ChatGPT сияқты құралдар фактілер немесе сілтемелер ұсынған кезде студенттер олардың әрқайсысын Google Scholar немесе Scopus сияқты сенімді дереккөздерді пайдаланып тексеруі керек. ЖИ ұсыныстары дұрыс екені дәлелденгенге дейін расталмаған ақпарат ретінде қабылдануы тиіс.

ЖИ-ді ең тиімді қолдану - оны алмастырушы емес, қолдау құралы ретінде пайдаланған кезде жүзеге асады. Бұл идея Выготскийдің жақын даму аймағы тұжырымдамасына сәйкес келеді, онда оқушылар тәуелсіздікті біртіндеп дамыта отырып, көмек алады. Мысалы, ЖИ ақпаратты қорытындылай алады, ал мұғалімдер оқушыларға сол идеяларды байланыстырып, кеңірек аргументтер құруға бағыт-бағдар бере алады. Осылайша технология күнделікті міндеттерді атқарады, ал терең ойлау адамның бақылауында қалады.

Қорытындылай келе, Grammarly, ChatGPT, Gemini, Paperpal, Scholarcy, Quillbot және Hemingway Editor сияқты жасанды интеллект құралдарын ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытын (EFL) студенттердің академиялық жазу сыныптарында енгізу айқын әрі мағыналы өзгерістер әкеледі. Жалпы алғанда, бұл технологиялар грамматика, орфография және тыныс белгілері бойынша лезде кері байланыс бере отырып, студенттерге академиялық жазуға көмектеседі. Сонымен қатар, олар студенттердің дербестігі мен мотивациясын арттырады. Сонымен бірге, бұл артықшылықтар маңызды мәселелерді тудырады. Ең басты қауіп – жоғары деңгейлі ойлау дағдыларының әлсіреуі мүмкіндігі. Студенттер мәтіндерді қорытындылау, идеялар алу немесе аргументтер құру үшін жасанды интеллектіге тым көп сүйенсе, олар

академиялық жазу талап ететін терең когнитивтік дағдыларын төмендетеді. Бұл шамадан тыс тәуелділік сыни ойлаудың төмендеуіне, талдаудың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Генеративті жасанды интеллекттің қарқынды дамуына қарамастан, бұл құралдар университет деңгейіндегі жазу дағдыларын оқытуды алмастыра алмайды. Бұл жаңа модельде ЖИ техникалық қолдау көрсетеді, ал студенттер өз ойларын ортаға салып, шешім қабылдайды. Мақсат - алмастыру емес, бірлесіп жұмыс істеу: технология көмектеседі, бірақ студенттердің білімі басты рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Abdimalip N. Ағылшын тілін оқытуда Академиялық Жазу Дағдыларын Дамыту Ерекшеліктері //Scientific Collection «InterConf». – №. 152. – С. 92-95.)
2. Ibragimov S. et al. Teaching academic writing with ChatGPT: Opportunities and Limitations //European Review of Contemporary Arts and Humanities. – 2025. – Т. 1. – №. 5. – С. 92-96.
3. Oshima A. et al. Introduction to academic writing. – London: Pearson/Longman, 2007. – С. 3.)
4. Campbell M. Teaching academic writing in higher education //Education Quarterly Reviews. – 2019. – Т. 2. – №. 3.
5. Yoon C. Concordancing in L2 writing class: An overview of research and issues //Journal of English for Academic Purposes. – 2011. – Т. 10. – №. 3. – С. 130-139.
6. Yan D. Impact of ChatGPT on learners in a L2 writing practicum: An exploratory investigation //Education and Information Technologies. – 2023. – Т. 28. – №. 11. – С. 13943-13967.
7. Jiang R. How does artificial intelligence empower EFL teaching and learning nowadays? A review on artificial intelligence in the EFL context //Frontiers in Psychology. – 2022. – Т. 13. – С. 1049401.
8. Aldosari S. A. M. The future of higher education in the light of artificial intelligence transformations //International Journal of Higher Education. – 2020. – Т. 9. – №. 3. – С. 145-151.
9. Выготский Л. С. Научное наследство //Собрание сочинений. – 1984. – №. 6.
10. Fathi J., Derakhshan A., Torabi S. The effect of listening strategy instruction on second language listening anxiety and self-efficacy of Iranian EFL learners //Sage Open. – 2020. – Т. 10. – №. 2. – С. 2158244020933878.
11. Zou B. et al. Using artificial intelligence technology for language learning //Frontiers in Psychology. – 2023. – Т. 14. – С. 1287667.
12. Huang H. et al. ChatGPT for shaping the future of dentistry: the potential of multi-modal large language model //International Journal of Oral Science. – 2023. – Т. 15. – №. 1. – С. 29.
13. Takallou F. The Impact of Grammarly AI-powered Writing Tool on the EFL Students' Writing Proficiency and Autonomy //Technology Assisted Language Education. – 2025. – Т. 3. – №. 2. – С. 99-119.
14. Aljuaid H. et al. The impact of artificial intelligence tools on academic writing instruction in higher education: A systematic review //Arab World English Journal (AWEJ) Special Issue on ChatGPT. – 2024.
15. Raheem B. R., Anjum F., Ghafar Z. N. Exploring the profound impact of artificial intelligence applications (Quillbot, Grammarly and ChatGPT) on English academic writing: A systematic review //International Journal of Integrative Research (IJIR). – 2023. – Т. 1. – №. 10. – С. 599-622.
16. Song C., Song Y. Enhancing academic writing skills and motivation: assessing the efficacy of ChatGPT in AI-assisted language learning for EFL students //Frontiers in psychology. – 2023. – Т. 14. – С. 1260843.
17. Sari M. N., Zhang Y., Abdullah M. Y. Integrating AI-powered writing assistants to enhance EFL students' academic writing skills: a mixed-methods study in higher education //IJETA-International Journal of Education, Technology, and AI. – 2025. – Т. 1. – №. 1. – С. 1-12.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18768412>
ЭОЖ 373.1

«ЗЕРТТЕУ», «ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

АЛИМЖАНОВА ЖАЗИРА БОРАНБАЕВНА

Қайназар ауылындағы № 2 орта мектебі, Алматы облысы Жамбыл ауданы, Қазақстан.

***Аңдатпа.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері мен педагогикалық маңызы қарастырылады. Зерттеу ұғымының мәні, құрылымы мен қызметі айқындалып, ғалымдардың көзқарастары сараланады. Практикалық жұмыстар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлауын және ғылыми ізденіс қабілетін дамыту жолдары талданады.*

***Кілт сөздер:** зерттеу, зерттеушілік дағды, бастауыш сынып, танымдық белсенділік, шығармашылық ойлау, практикалық жұмыс, ғылыми ізденіс, оқу үдерісі, эксперимент, білім алушы*

Зерттеу мен зерттеушілік дағды адам мен адамзаттың мақсаттары мен қажеттіліктеріне сай табиғат пен әлеуметтік өмірді шындықтың объективтік заңдарына сәйкес мақсат қою, болжау, жоспарлау, ізденушілік, тәжірибе жасау, жаңа нәтиже алу сияқты адам әрекеті ретінде түсіндіріледі.

Философиялық сөздікте: Дағды адамның дүниемен істестігі, қарым-қатынас тәсілі “Заттық дағды” деген анықтама берілген. Дағды барысындағы адам табиғатты шығармашылық тұрғыда өзгертеді, сөйтіп өзін іскер субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын дағды объектісі етеді [1, б. 494]. Анықтаманы тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын практикалық жұмыстар арқылы дамытуда өзі игерген табиғат құбылыстарын зерттеу дағдысының объектісіне айналдыра алуы қажет. Бастауыш сыныптан бастап оқытылатын жаратылыстану пәнінің аясында оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізе білуге баулу, тек бағдарламалық материалдарды ғана меңгеруді талап етпей, яғни оқушылардың қажеттілігін, қызығушылығын қанағаттандыратындай зерттеу жұмысын ұйымдастыруды қажет етеді.

М.Дулатов жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге үйрету жолын көрсеткен. Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті Нәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек, - деп түйіндейді [2, б. 239]. Бұдан автордың мұғалімдерге оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін мүмкіндігінше, есте сақтауға мән беру керектігін ескерткенін көреміз. Бүгінгі күнгі бастауыш сыныптарда сыни ойлауға үйрету деген ұғымның іргетасын қалаған деген пікірді ұстанамыз.

М.Жұмабаев өзінің еңбегінде ой қорытудың бұл екі жолын талдап көрсеткен болатын. «Индукция – ойдың дербес көріністерінен жалпы көріністерге көшуі. Жалқы ойдан жалпы ойды шығару. Индукция арқылы заттар, көріністер арасындағы байламға қарай топ-топқа бөлеміз. Бұл - бір. Екінші – біз аз ғана бақыланған заттар, көріністер арқылы бақыланбаған, көрмеген, білмеген сансыз заттар, көріністерді шешеміз» - дей келіп, «Дедукция» ойдың жалпы заңнан дербес бір көрініске көшуі. Жалпы ойдан жалқы ой шығаруы, - деп анықтаған [3, б. 108]. Бұдан автордың ой еңбегінің екі жолын көрсеткенін, олардың бірінен бірінің туындайтынын ескере отырып, зерттеу жұмысымызда зерттеушілік дағдыте екі жолды да пайдаланатынымызды атап өткіміз келеді.

Ж.Аймауытовтың ойынша, білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек алу, өркендету - мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек [4, б. 95].

Бұл қазіргі кезде болашақ мамандарға қойылып отырған талаппен үндеседі яғни бұдан автордың идеясының өміршеңдігін көруге болады. Білім алушының оқуға қызығушылығы оның педагогпен, құрбыларымен, ұжыммен біріккен іс-әрекетінде, қарым-қатынастарында дамып, қалыптасады. Көптеген зерттеулердің арқасында іс-әрекеттің таусылмайтын мүмкіндіктері ашылады.

Кесте 1 – Шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі «зерттеу», «зерттеушілік дағды» ұғымдары туралы ой-тұжырымдары

Автор	Ғалымдардың ой-тұжырымдары	Негізгі ой
1	2	3
Şen, H.A., Öğülmüş, S.	Болашақ мамандарды зерттеушілік дағдыдаярлауда ең алдыен мұғалімдердің мотивациясының түрлерін жәнеэмоционалды еңбекстратегиясын қолдануды сандық түрде қарастырған.	Мотивация ны қалыптасты ру
Бахтин М.М. (Bakhtin 1979)	Зерттеушілік қызмет - оқушылар мен мұғалімдердің қызметінде диалогты қамтамасыз етеді: басқа адамдармен ынтымақтастық, ұжымдық рефлексия арқылы бірлескен шығармашылық жұмыс арқылы өзарат үсіністік пен ынтымақтастық.	Бірлескен шығармашылы қ жұмыс
БертонР. Кларк (Burton R. Clark, 1997)	Зерттеу - оқыту-оқу арасындағы қарым-қатынастың идеалды тұжырымдамасы оқыту әдісі мен оқыту құралы ретінде қызметететін зерттеу қызметін көрсетеді.	Оқыту әдісі, оқыту құралы
Харлен В. (Harlen W, 1997)	Зерттеу жұмыстарында қолданылатын сұхбат әдісі зерттеушілердің түсінігін жақсартуға мүмкіндік бергендігін айқындаған. Содан кейін сенімділік, түсіну және ғылымдағы тәжірибе айнымалылары арасындағы қатынастарды зерттеген.	Сұхбат әдісін қолдану
Иылдырым А., Шимшек Х (Yildirim A., Simsek, H 2008)	Зерттеушілік дағды-белгілі бір тұжырымдамалар мен тақырыптар аясында ұқсас деректерді жинау және оларды оқырмандар түсінетін етіп ұйымдасқан түрде түсіндіру	іс-әрекет

Зерттеушілік дағды – баланың дүниетаным жайында көзқарасын дамытудың маңызды көздері. Педагогика мен психологияда – «зерттеушілік дағды» мәнінде баланың қоршаған ортаны өзіндік зерттеуге талпыну негізінде құралған оқытуды айтады, – деген анықтама берілген [5].

А.Н.Поддъяковтың пікірінше, зерттеушілік дағдыны оқыту әдісі, білім беру технологиясы ретінде қарастыру қажет. Зерттеушілік дағды әдісінің құндылығы ғылыми типтегі ойлау құрылымын қалыптастыру мүмкіндігінде, ол өз кезегінде өзіндік ойлауды, оның шығармашылығы мен ғылыми рефлексиясын, сондай-ақ зерттеушілік мінез-құлыққа деген қабілеттілікті білдіреді [6, с. 364]. Біздің тақырыбымыз тұрғысынан автордың пікірін талдайтын болсақ, оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытуға жеке зерттеу жұмысын жүргізетін кез келген тапсырма түрлеріне қарамастан практикалық жұмыстар арқылы қабілеттілікті қалыптастырудан бастау керек деп санаймыз.

Зерттеушілік дағдының ерекшеліктерін аша отырып, И.А. Зимняя мен Е.А. Шашенкова оның өнімі қойылған мақсатқа, шындық пен мақсатқа жетуді анықтайтын объективті заңдар және жағдайларға сай алынған жаңа білімдер болып табылады деп атап көрсетеді [7]. Біз авторлардың пікіріне қосыла отырып, зерттеу жұмысы аясында алдына қойған мақсатқа жетуді және оң нәтиже алудағы меңгерген жаңа білімдер мен жүргізген тәжірибелермен сипатталатынын айта кеткіміз келеді.

Н.Н.Ставринова зерттеушілік дағдыны жаңа, ғылыми негізделген білім бойынша ғылыми әдіснамаға сүйенген білім беру үдерісі субъектісінің әрекеті ретінде анықтайды [8].

А.И.Савенковтың пікірінше, зерттеушілік іс-әрекет арқылы зерттеушілік дағдыны дамыту зерттеуді жүргізу базасында құрылған және ізденіс белсенділігінде жүйелеу нәтижесін тудыра отырып, іс-әрекеттің зияткерлік-шығармашылық әрекеті түрінде қарастыру қажет. Ол зерттеушілік барысын бейімделген факторды логикалық түрде құрастыра отырып және оның жүзеге асу механизмін қосады [9, с. 14-24]. Зерттеушілік дағдыны зерттеушілік мінез-құлық тұрғысынан қарастыра отырып, автор зияткерлік-шығармашылық әрекеттің ерекше бір түрі ретіндегі зерттеушілік іс-әрекеттің негізінде белгісіз жағдаяттарда ізденгіштік белсенділіктегі адамның психикалық қажеттілігі жатыр, - деп атап көрсетті. Автордың ой-пікіріне қосыла отырып, жұмысымызда басшылыққа алу қажет деп түйіндейміз.

Зерттеушілік дағдының ерекшелігі мен мәнін амал-әрекеттің тәсілдері мен құралын сипаттау, мәселені қою, зерттеу нысанын бөлшектеу, эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді сипаттау мен түсіндіру, болжамды ұсыну және алынған білімді тексеру арқылы анықтауға болады.

Зерттеушілік дағды дегеніміз – жаңалықты оқу үдерістерінде анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекет деген түсініктеме береміз. Оқушылардың зерттеушілік дағдысы – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі әлеуметтендіруге дайындық деңгейі болып табылады [10, б. 22].

Зерттеушілік дағды үдерісінде іскерлік қалыптасады, бұл білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын тұлғалық сапалар мен зерттеушілік әрекеттердің әдіс-тәсілдерін меңгертеді. Ғалымдардың пікірінше, зерттеушілік іс-әрекеттің көрсеткіші ретінде оның компоненттерінің құрамына кіретін зерттеушілік іскерлік алынады.

Зерттеушілік дағды – білім алушылардың қабілеттіліктерін дамыту, танымның ғылыми әдістерін өздігінен пайдалану туралы білімінің болуы, талданатын теориялық факты мен құбылыстарды, үдерістерді тәжірибеде бақылау және олардың байланыс заңдылығы мен қарым-қатынасын айқындауға бағытталған белсенділігі [11, б. 31].

Жаратылыстану пәнінің мазмұны бойынша, зерттеушілік дағды әмбебап және өте тиімді болмақ. Атап айтсақ: ғылыми-зерттеуге қызығушылық және танымдық белсенділікті арттырады, «табиғи ортаны» құруға ең аз мөлшерде ресурсты шығындайды т.б. білім алушылардың зерттеушілік дағдысына жағдай жасайды, пәннің мазмұнын терең түсінуге барынша мүмкіндік туғызады.

Сонымен, жалпы *«зерттеу» сөзінің түсінігі* – *танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі* деп түсіндіріледі.

Ал «зерттеушілік дағды» философиялық сөздікте – жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі.

Жалпы ғылыми-теориялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік дағдының маңызын ашу мақсатындағы көзқарастарды талдай келе, оны анықтаудың бірнеше бағытталған іс-әрекеттер негізінде болғанын байқауға болады:

- зерттеушілік дағдысын қалыптастыру, дамыту негізінде оқу белсенділігі мәселелері және танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру тұрғысынан;
- жаңа білімді меңгеруге бағытталған зерттеушілік дағды негізіндегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тұрғысынан;
- оқыту проблемаларын шешуге бағытталған іс-әрекеттер тұрғысынан;
- ғылыми шығармашылық әдістемені меңгеруге, шығармашылық тапсырмалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық дағды тұрғысынан.

Оқушыларда қалыптасқан оқу-зерттеушілік және ғылыми-зерттеушілік біліктер метапәндік білімдер мен біліктердің дамуына себепші болады. Оқушы рефлексия жасай

отырып, өз күшін шығармашылық ойлау, жауапкершілік, өзінділік, өз пікірін айта алу білігі, өзінің көзқарасын дәлелдей алу сияқты аса маңызды қасиеттерін дамытуға бағыттайды.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдысын практикалық жұмыстар арқылы дамытуда зерттеу кезеңдерін, зерттейтін мәселені көре білуін, мәселеге қатысты болжамды тұжырымдау, мақсатты салыстыра, жіктеу, материалды құрылымдау, өздігінен бақылау, эксперимент жүргізе алу, өз көзқарасын, идеясының дұрыстығын түсіндіре және дәлелдей алу білігін қамтитын зерттеушілік әрекетті жүзеге асыру тәсілі ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Философиялық сөздік/ред. И.Т.Фролова. - 6-шы басылым., қайта өңдеу. және қосымша-М., 1991.
2. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Мектеп, 1991. – 384 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1995. – 312 б.
5. Рубинштейн С.Л. Психология индивидуальных различий. - М.: ЧсРо, 2000. - 776 с.
6. Подъяков А.Н. Развитие исследовательской инициативности в детском возрасте: дисс. док.психол.наук. – М., 2001. – 364 с.
7. Зимняя И.А., Шашенков Е.А. исследовательская работа как специфический вид человеческой деятельности. – Ижевск, 2001.
8. Ставринова Н.Н. О развитии исследовательской компетенции будущего педагога // Информационно – просветительский портал Ханты – Мансийского автономного округа – ЮГРЫ. Образование и обучение в высшей школе.
9. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского обучения школьников // Физика: проблемы преподавания. – 2007. - № 3 . – С. 14-24.
10. Берлайн Д. Мотивация поведения личности. – М., 1996. – 206 с.
11. Романов П.Ю., Сычкова Н.В. Формирование исследовательских умений обучающихся в системе непрерывного педагогического образования. – Магнитогорск: МаГУ, 2003. – 234 с.
12. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М., 1982. – 62 с.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18768480>
УДК 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

КИЛЫБАЕВА ГУЛИМ БОЛАТОВНА

Қайназар ауылындағы № 2 орта мектебі, Алматы облысы Жамбыл ауданы, Қазақстан.

Аңдатпа. Аталған мақалада бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу сабақтарында медиақұзыреттілігін дамыту – қазіргі заманғы білім берудің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл процесс оқушылардың ақпараттық технологияларды дұрыс қолдана білуіне, медиамазмұнды сын тұрғысынан талдай алуына, сонымен қатар шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға негізделеді.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, әдебиеттік оқу, медиақұзыреттілік, оқушы, медиабілім.

Қазақстан Республикасы Білім беру туралы Заңындағы мемлекеттік саясаттың үдерісіне сәйкес Қазақстан білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген болатын [1]. Соның бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу. Қазіргі таңда ақпараттандыру үдерісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылып отыр. Білімді ақпараттандыру әсіресе, оның жоғары оқу орындарында енгізу – қоғамда ақпараттандырудың негізгі шарты.

«Медиа» термині біздің елімізде қолданыста жиі аталмағанымен, біртіндеп өміріміздің ең маңызды бөлігіне айналып келе жатыр. Оны біз өзімізде байқамай қалып жатырмыз. Бұрын «технологияның өркендеген дәуірі» десек, бүгінде ол «жаһандық ақпарат ғасыры» деп аталатын кезең қоғамымыздың дамуына, соның ішінде тәрбие, білім беруде тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізетін күшті қару болып отыр. Медиа тек тұлға болып қалыптасуға ғана әсер етпейді, оның теріс ықпалы да белгілі деңгейде бала санасының дамуына өз әсерін тигізеді. Буыны бекімеген, ұғымдық санасы әлі қалыптаспаған балалар медианың әсерін өте тез қабылдайды. Сондықтан қазіргі кездегі жылдамдығына көз ілеспейтін ақпаратты ажырата білуге бағдарлау, ондағы мән-мазмұнды пайымдап түсінуге бағдарлап, тұлғаның сыни ойлауын дамыту осы аталған медиабілім берудің негізгі міндеті болып табылады.

Қазіргі бастауыш сынып оқушылары әр түрлі көздерден алынған ақпаратты тұтынушылар болып табылады. А.В.Шарикованың зерттеу деректері бойынша, теледидар бағдарламаларын көруге немесе компьютермен жұмыс істеуге кететін уақыт қазірдің өзінде баланың мектепте өткізетін уақытына жақындап қалды немесе асып түсті [2]. Бірақ бастауыш сынып оқушылары компьютермен немесе планшетпен жұмыс істегенде жаңа білім іздемейді, олардың бірінші орында көңіл көтеруге деген ұмтылыстарын байқауға болады.

Уақыт талабына сай жаңа үлгідегі заманауи технология игеріп, білімі мен білігі ұштасқан «интеллектуалдық ұлт» болуға бет бұрған мемлекет екендігімізді үнемі назарда ұстайтын «Балапан» арнасының алға қойған мақсаты да – осы келешек ұрпағымыздың тамырына рухани нәр беріп, «интеллект иесі», білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып ер жетуіне ықпал жасау болып табылады. Отандық телеарнаның ізденісі нәтижесінде «Балапан» телеарнасы арқылы балалардың төл мәдениетімізге баулудың ықпалы артып, болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Олай болса, қоғам болашағы балалардың қалыптасып, дамуында үлкен рөл атқаратын бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни медианың ұсынатын өніміне қашанда мән беру, оларды тиімді пайдалана білуге үйрету, жасөспірімдер мен мектепке дейінгі жастағы балалардың медиасауаттылығын қалыптастыру қоғамның әр азаматының, ал ұстаздар қауымының кәсіби парызы екені анық.

Әрине, интернет желісі арқылы мектепте оқитын пәндер бойынша қызықты, жаңа, танымдық ақпаратты табуға болады. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып оқушылары бұқаралық ақпарат құралдарын әдетте, үйде пайдаланады. Бірақ сабаққа дайындалу кезінде немесе оқыту құралы ретінде ақпарат құралдарын жиі қолданбайды. Сонымен қатар, желіде сөйлесу кезінде көптеген қателер жібереді, іс жүзінде олар қазақ тілінің ережелерін, сөйлеу этикетін сақтауды ұмытып кетеді.

Өркениет дамуы тудырған медиаөнімдердің тұтынушысы көбейген сайын алдан шығатын келеңсіздіктер аз болмайтыны белгілі. Сондықтан қоғамға ненің қажет, ненің керексіз, зиянды екенін түсіндіру үшін әрқашан ғылымның көмекке келетіні белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім – БАҚ-тың білім, тәрбиеге әсерін зерттеп-зерделейтін ғылым саласы.

Медиабілім – педагогика ғылымындағы бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеруге үйрететін жаңа бағыт. Қазір медианың адам өмірінің әр түрлі салаларына әсер теу көлемі күннен-күнге артып келеді. Бұл білім беру жүйесі алдына жаңа міндеттерді қояды, адамнан тек жаңашыл техникалық құралдарды білуін және олармен жұмыс істей алуын талап етіп қана қоймай, белгілі бір дәрежедегі сын тұрғысынан ойлауды, сонымен қатар ақпараттық материалды іздеумен, өңдеумен және ұсынумен байланысты өз бетімен шығармашылық жұмыспен айналысу дағдыларын қажет етеді.

Медиабілім саласындағы ғылыми әдебиеттерді талдау, әдіснаманың күзіреттілік тұғырына ерекше назар аудартады. Еуропа Кеңесінің (Council of Europe) құжаттарында «медиабілім (media education) медиақұзыреттілікті дамытатын, медиаға деген сыни көзқарасты қалыптастыратын, алынған ақпарат негізінде өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік беретін оқыту ретінде айқындалады. Еуропа Кеңесінің тұжырымы бойынша, медиабілімді адамзаттың өмірінде жүзеге асатын оқыту тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде қарастыру қажет [3].

Медиақұзыреттілік ұғымы көпқырлы болып келеді, себебі, онда білім, іс-әрекет тәсілдері, тұлғалық қасиеттері ұсынылады, бір ғана емес бірнеше бірлескен ғылым салаларымен қызмет жасайды және пәнаралық сипатта болады.

Кесте 1 – «Медиақұзыреттілік» ұғымының анықтамасы

Авторлар	Анықтамасы
Н.И.Гендина	заманауи технологияларды меңгеру, олардың шарттарын түсіну, қолдану, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни тұрғыдан БАҚ арналары арқылы таратылатын ақпарат пен жарнамаға қабілеттілік [4].
Т.М.Гончарова	ақпаратпен жұмыс (іздеу, жинау, түсіну, бағалау, сыни талдау, өңдеу, медиа тілді түсіндіру және т. б.) дағдылардан тұратын маман тұлғасының интегративті сапасы, мультимедиялық құралдар көмегімен медиа хабарламаларды қабылдау, жасау және жіберу қабілеті [5].
И.А.Цатурова	дәстүрлі жобалауға мүмкіндік беретін көп қырлы ұғым, жаңа байланыс құралдарына арналған баспа мәтіндерін түсіну, түсіндіру және өндіру қабілеті туралы түсінік [6].


Медиақұзыреттілік көп функциялы, себебі, кәсіби, әлеуметтік және күнделікті өмірде алуан түрлі міндеттерді шешуге септігін тигізеді, медиабілім саласында пайда болған түсініктерге сүйенеді: медиасауаттылық (media literacy), медиамәдениет (media culture). Мұнымен кейде медиақұзыреттілік медиасауаттылық терминіне синоним ретінде түсіндіріледі, мәселен, медиақұзыреттілік /медиасауаттылық (media competence /media literacy) – «алуан түрлі ақпараттарды қолдану, талдау, бағалау және беру қабілеттілігі». Медиақұзыреттілікті

зерттеуші шетел ғалымдардың еңбектерінде бұл термин іс-әрекет аспектілеріне сәйкес келеді. Мәселен, медиақұзыреттілік «медиаға қатысты білікті, өз бетінділік, шығармашылық және әлеуметтік-жауапкершілік әрекеттерге» қабілеттілік.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы қазіргі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының медиақұзыреттілігін дамыту – тек оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Әдебиеттік оқу сабақтары арқылы оқушыларды ақпараттық кеңістікте тиімді әрекет етуге, сыни ойлауға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйрету – бұл пәннің әлеуетін барынша қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттік оқу сабақтарының ерекшелігі

Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиеттік оқу сабағы балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.



1-сурет. Медиақұзыреттілікті дамыту арқылы оқушыларда қалыптасқан қабілеттер
Медиақұзыреттілікті дамыту жолдары

Оқушылардың медиақұзыреттілігін дамыту үшін әдебиеттік оқу сабақтарын ұйымдастырудың бірнеше тиімді тәсілдерін қолдануға болады:

1. Мультимедиялық құралдарды қолдану

Мультимедиялық технологиялар сабақтың қызықты және мазмұнды өтуіне мүмкіндік береді. Мысалы:

- Әдеби шығармаларды аудио және бейне форматында тыңдау.
- Электронды кітаптар мен анимациялық фильмдер арқылы оқылған мәтіннің мазмұнын кеңейту.
- Оқушыларға AR және VR технологияларын пайдаланып, шығармалар әлеміне ену мүмкіндігін беру.

2. Сыни ойлау дағдыларын дамыту

Оқушыларға ақпаратты талдап, оны сыни тұрғыда бағалауға мүмкіндік беру керек. Бұл үшін:

- Әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды салыстыру.
- Оқушыларға “Бұл ақпарат қаншалықты сенімді?” деген сұрақ қоя отырып, оларды талқылауға тарту.

3. Шығармашылық жобалар

Әдебиеттік оқу сабағы барысында балаларды шығармашылық тапсырмалар арқылы медиақұзыреттілікке баулуға болады:

- Оқылған мәтін негізінде мультфильм немесе бейнеролик жасау.
- Әңгіменің мазмұнына сәйкес иллюстрациялар салу немесе комикс құру.

• “Автор орындығы” әдісі арқылы оқушыларды белгілі бір кейіпкердің рөлінде шығарманы қайта баяндауға тарту.

4. Ойын технологияларын пайдалану

Gamification тәсілдері оқушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Ойын арқылы білім беру құралдарына:

- Kahoot, Quizizz сияқты платформаларда викториналар ұйымдастыру.
- Топтық ойындар мен интеллектуалдық жарыстар өткізу.

5. Интернет-ресурстармен жұмыс

Оқушыларға сенімді интернет-ресурстарды дұрыс тандау және қолдану дағдыларын үйрету:

• Ақпаратты іздеу барысында Google Scholar, Balapan TV сияқты сенімді платформаларды қолдану.

• Ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, яғни интернеттегі жалған ақпаратты ажырату жолдарын үйрету.

6. Пікірсайыстар мен талқылаулар ұйымдастыру

Әдеби шығармаларды талқылау оқушылардың логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Мысалы:

• “Кейіпкердің бұл іс-әрекеті дұрыс па?” деген сұрақтар төңірегінде пікірталас ұйымдастыру.

• “Ертегі кейіпкерлері бүгінгі заманда өмір сүрсе, не істер еді?” деген тақырыпта оқушылардың ойын тыңдау.

Сабақ үлгісі: Практикалық қолдану

Мысалы, Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңі негізінде сабақта медиақұзыреттілікті дамытуға арналған тапсырмалар:

1. Өлеңнің аудио нұсқасын тыңдау және мәтінмен салыстыру.

2. Өзен туралы деректі фильмнен үзінді көрсету және оның әдеби шығармамен байланысын талқылау.

3. Оқушыларға “Өзеннің адам өміріндегі маңызы” тақырыбында шағын презентация дайындау.

4. Kahoot платформасында викторина өткізу арқылы өлеңнің мазмұнын пысықтау.

Медиақұзыреттілікті дамыту нәтижелері

Осы әдістерді қолдану арқылы оқушылардың келесі дағдылары дамиды:

- Ақпаратты іздеу, талдау және қолдану қабілеті.
- Мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыда бағалау.
- Мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Топтық жұмыс кезінде коммуникативті және әлеуметтік дағдыларды жетілдіру.
- Интернеттегі ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу сабақтарында медиақұзыреттілігін дамыту – оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ақпараттық сауаттылығы мен өмірге бейімділігін қамтамасыз ететін тиімді құрал. Бұл бағыттағы жұмыс оқу бағдарламасын жетілдіруді, заманауи әдістер мен технологияларды қолдануды талап етеді. Осылайша, медиақұзыреттілігі жоғары оқушылар болашақта ақпараттық қоғамның белсенді және саналы мүшелері болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Білім беру туралы Заңы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Валединский В.Д. Информатика. Словарь компьютерных терминов (для средней школы). М.: Аквариум, 1997.
3. Qiriazı V. Stepping up efforts to strengthen the implementation of digital citizenship education: the European Year of Digital Citizenship Education 2025. <https://media-and-learning.eu/news/>
4. Гендина Н.И. Лингвистические средства автоматизации документального поиска/ Н.И.Гендина. - СПб., 1992. – 188 с.
5. Соколова Е.В., [Гончарова Т.М.](#), Суханова В.Ф., Паркайкина Г.А., [Жуков Л.А.](#) [Активные и интерактивные технологии обучения в высшей школе: доклад, тезисы доклада](#). Педагогика и психология: проблемы развития мышления. Развитие личности в изменяющихся условиях. 2019 г.
6. Цатурова И.А., Компьютерные технологии в обучении иностранным языкам / И.А. Цатурова, А.А. Петухова. – М.: Высшая школа, 2004. – с.7

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18768683>

UDC: 811

THE IMPORTANCE OF LEARNING ENGLISH IN THE MODERN WORLD

АБДУРАЙЫМ ЖАНСҰЛУ НҮРМАХАНБЕТҚЫЗЫ

Университет «Мирас», Шымкент, Казахстан
Сектор иностранных языков, магистратура, 2- курс

Аннотация: Эта статья подробно рассматривает важность изучения английского языка в современном мире и объясняет, почему он стал глобальным языком. Английский язык широко используется в международной коммуникации, бизнесе, образовании, науке, технологиях, туризме и средствах массовой информации. По мере того как глобализация продолжает соединять страны и культуры, умение говорить на английском предоставляет людям больше возможностей для личного и профессионального развития. В статье подчеркивается, как английский помогает студентам получить доступ к качественным образовательным ресурсам, обучаться в международных университетах и участвовать в программах обмена. Также акцентируется роль английского языка в карьерном росте, так как многие международные компании требуют от сотрудников умения эффективно общаться на английском. Более того, знание английского позволяет людям пользоваться современными технологиями, понимать научные исследования и быть в курсе мировых новостей и информации на цифровых платформах. Кроме того, в статье обсуждаются культурные преимущества изучения английского, такие как понимание зарубежной литературы, фильмов, музыки и традиций. В целом, делается вывод, что изучение английского языка — это не только практический навык, но и необходимый инструмент для успеха и активного участия в современном взаимосвязанном мире.

Ключевые слова: английский язык, глобализация, международная коммуникация, образование, карьерные возможности, технологии, культурный обмен, глобальное развитие.

Abstract: This article explores in detail the importance of learning English in the modern world and explains why it has become a global language. English is widely used in international communication, business, education, science, technology, tourism, and the media. As globalization continues to connect countries and cultures, the ability to speak English provides individuals with greater opportunities for personal and professional development. The article highlights how English helps students access high-quality educational resources, study at international universities, and participate in exchange programs. It also emphasizes the role of English in career growth, as many international companies require employees who can communicate effectively in English. Furthermore, the knowledge of English allows people to use modern technologies, understand scientific research, and stay informed through global news and digital platforms. In addition, the article discusses the cultural benefits of learning English, such as understanding foreign literature, movies, music, and traditions. Overall, it concludes that learning English is not only a practical skill but also an essential tool for success and active participation in today's interconnected world.

Key words: English language, globalization, international communication, education, career opportunities, technology, cultural exchange, global development.

Introduction

In the modern world, globalization has brought countries, cultures, and economies closer than ever before. As a result, communication between people from different linguistic and cultural backgrounds has become essential. English has emerged as the dominant international language, serving as a common means of communication across nations. It is officially or widely used in many countries and is considered the primary language of global business, diplomacy, science, technology, and higher education. Today, English is not only a subject studied in schools but also a key to

accessing global opportunities. A large portion of scientific research, academic publications, and digital content is produced in English. Many of the world's leading universities use English as the language of instruction, which makes it essential for students who wish to study abroad or participate in international academic programs. Furthermore, multinational companies require employees who can communicate effectively in English, as it facilitates international trade and cooperation. In addition to professional and academic advantages, English also plays an important role in cultural exchange. Through English, people can access international literature, films, music, news, and social media platforms. It allows individuals to understand different perspectives, traditions, and lifestyles, thereby promoting tolerance and intercultural understanding. In the digital age, where the internet connects billions of users worldwide, English remains the primary language of online communication. Therefore, learning English has become a necessity rather than a luxury. It enhances personal growth, expands career prospects, and enables individuals to actively participate in the global community. Mastering English empowers people to compete successfully in the modern labor market and to engage confidently in international dialogue.

Main part

1. The Importance of Learning English in the Modern World

In the modern world, English has become the main language of international communication. Globalization has connected countries in economic, political, and cultural spheres, and as a result, people need a common language to interact effectively. English is widely used in business, science, technology, aviation, tourism, and diplomacy. Many international organizations conduct their meetings and publish official documents in English. In the field of education, a significant number of academic articles, textbooks, and research papers are written in English, making it essential for students and researchers who want to access up-to-date information. Moreover, most leading universities around the world offer programs in English, which increases academic mobility and allows students to participate in exchange programs and international conferences. In the professional sphere, knowledge of English increases competitiveness in the labor market. Many multinational companies require employees who can communicate fluently with partners and clients from different countries. Therefore, English proficiency opens the door to better career opportunities and higher salaries.

In addition to professional and academic benefits, learning English also contributes to personal development and cultural enrichment. Through English, people can access global media resources, including books, films, music, podcasts, and online courses. The internet, which plays a central role in modern life, contains a vast amount of content in English. Understanding the language allows individuals to use digital platforms more effectively, follow international news, and stay informed about global events. Furthermore, English promotes intercultural communication by helping people connect with individuals from diverse backgrounds, exchange ideas, and build friendships across borders. This fosters tolerance, broadens perspectives, and encourages mutual understanding among different cultures. Overall, learning English is not only a practical necessity but also a powerful tool for self-improvement, global engagement, and successful participation in today's interconnected world.

2. The Role of English in Personal and Professional Development

The role of English in personal and professional development is extremely significant in today's competitive world. Proficiency in English provides individuals with broader career opportunities and increases their chances of success in the global job market. Many international companies operate across different countries and require employees who can communicate effectively in English. The ability to speak and write in English allows professionals to participate in international meetings, negotiate with foreign partners, and access global business networks. Moreover, English skills often lead to higher salaries, promotions, and career advancement, as employers value candidates who can work in multicultural environments.

Beyond career growth, English also contributes greatly to personal development. It enhances cognitive abilities, improves communication skills, and builds self-confidence. Learning a foreign

language encourages critical thinking and expands one's worldview. Through English, individuals can access a wide range of educational resources, including online courses, academic articles, and international training programs. It also allows people to enjoy literature, films, music, and other cultural products in their original language, deepening their understanding of different cultures. As a result, mastering English not only supports professional success but also enriches personal life and promotes lifelong learning.

Conclusion

In conclusion, learning English in the modern world is not merely an educational requirement but a vital necessity for success and active participation in global society. As the dominant language of international communication, English plays a central role in education, business, science, technology, and cultural exchange. It opens access to high-quality academic resources, increases career opportunities, and strengthens competitiveness in the global labor market. Furthermore, English contributes to personal growth by expanding cultural awareness, improving communication skills, and fostering intercultural understanding. In an increasingly interconnected world, proficiency in English empowers individuals to achieve their goals, adapt to global changes, and build meaningful connections across borders.

REFERENCES:

1. Crystal, D. (2003). *English as a Global Language*. Cambridge University Press.
2. Graddol, D. (2006). *English Next*. British Council.
3. Harmer, J. (2007). *How to Teach English*. Pearson Longman.
4. McKay, S. L. (2002). *Teaching English as an International Language*. Oxford University Press.
5. British Council. (2013). *The English Effect*. British Council Publications.
6. Jenkins, J. (2015). *Global Englishes: A Resource Book for Students*. Routledge.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18769337>
УДК 574.

BEYNƏLXALQ KONVENSIYALARDA EKOLOJİ MAARİFLƏNDİRMƏ MƏSƏLƏSİ

ƏLİYEV AĞAXƏLİL ƏLƏSGƏR OĞLU

Fizika üzrə fəlsəfə doktoru, ADPU, Bakı, Azərbaycan

***Annotasiya.** Məqalədə beynəlxalq Konvensiyalarda ekoloji maarifləndirmə məsələlərinə toxunulur. Bu məqsədlə tarixdə baş verən əsaslı mərhələlər, BMT-nin açar Konvensiyaları, Orxus Konvensiyası, müasir mərhələ, rəsmi aktlarda təsbit olunan əsas prinsiplər, ekoloji maarifləndirməni təsbit edən əsas beynəlxalq Konvensiyalar və sənədlər və ekoloji maarifləndirmənin əsas istiqamətləri nəzərdən keçirilir. Ölkə Prezidentinin “Azərbaycan Respublikasında ekoloji cəhətdən dayanıqlı sosial-iqtisadi inkişafa dair Milli Program” üzrə imzaladığı Sərəncamın əhəmiyyəti və həyata keçirilməsi qeyd olunur.*

***Açar sözlər:** ekoloji maarifləndirmə, əsaslı mərhələlər, açar Konvensiyalar, Orxus Konvensiyası, müasir mərhələ, əsas prinsiplər, ekoloji maarifləndirmə istiqamətləri, “Milli Program”.*

Müasir cəmiyyətimiz təlatümlü bir dövrdə yaşayır: bir tərəfdən praktiki tətbiqi elm və texnikanın sürətli inkişafı, iri sənaye müəssisələri və heyvandarlıq komplekslərinin durmadan artması, dünya əhalisinin tələbatlarının ödənilməsinə göstərilən səylər, dağıdıcı ölkələrarası münaqişə və müharibələr, digər tərəfdən də mühüm ekoloji problemlərin qlobal xarakterə keçidi indiki və yaxın gələcək nəsillərin yaşayış və əmək fəaliyyəti şəraitlərinin əksər yerlərdə sanitar-gigiyenik normaların yol verilməyən həddinə gətirib çıxarmışdır. Nəticədə bəşəriyyət növbəti ekoloji böhranın astanasına xeyli dərəcədə yaxınlaşmışdır. Bununla əlaqədar inkişaf etmiş və mütərəqqi dövlətlər ətraf təbiət mühitinin mühafizəsinə və ondan səmərəli istifadəyə həsr edilən konvensiyalara qoşulur və qəbul edilən tədbirlərin həyata keçirilməsinə xeyli maddi vəsait sərf edirlər. Aparılan ekoloji monitoring və nəzarətlərin nəticələri təsdiq edir ki, əməli tədbirlər kifayət edici deyildir və əhalinin geniş təbəqələrinin ekoloji maarifləndirilməsi bu işlərin tamamlanmasında tələb olunan irəliləyişə gətirib çıxara bilər.

Hal hazırda beynəlxalq hüquqda ekoloji maarifləndirmə dayanıqlı inkişafa nail olunmasında əsaslı vasitə kimi qiymətləndirir. Bu mühüm ekoloji məsələ aşağıdakı əsas mərhələlər və beynəlxalq aktlarla nizamlanır:

1. Əsas mərhələlər-

Əvvəlcə qeyd olunmalıdır ki, dünya ölkələri ekoloji böhranın miqyasını lazımınca dəyərləndirdikdən sonra ilk əməli tədbirlər 1970-ci illərdə görülmüşdür.

- 1972-ci il Stokholm Bəyannaməsi. Onun 19-cu prinsipində bəyan edilir ki, ətraf mühit məsələlərində ekoloji maarifləndirmə rəylərinin əsaslarının genişləndirilməsində və şəxsiyyət və cəmiyyətin özünü məsuliyyətli aparmasında çox vacibdir.

- 1977-ci il Tbilisi Bəyannaməsi. O, ekoloji maarifləndirmənin “bibliyası” hesab edilir.

2. BMT-nin açar Konvensiyaları-

Ekoloji maarifləndirmə bu sənədlərdə iştirakçı ölkələrin öhdəliyini nəzərdə tutur. Maarifləndirmədə əsas vurğu:

1992-ci il Rio-de-Janeyro-

“XXI əsrə günün gündəliyində” tələbat adətlərinin dəyişilməsi üçün ekoloji maarifləndirmə tənqidi olaraq əhəmiyyətli tanınmışdır.

İqlimin dəyişməsi haqqında BMT-nin Çərçivə Konvensiyası-

6-cı maddə ölkələri qlobal istiləşmə məsələləri üzrə kadrların hazırlanması və əhalinin maarifləndirilməsi proqramlarını inkişaf etdirməyə təhkim edir.

Bioloji müxtəliflik haqqında-

13-cü maddə bioloji müxtəlifliyin saxlanılmasının SMİ və təhsildə başa düşülməsinin zəruriliyini və təbliğinin vacibliyini qeyd edir

3. 1998-ci il Orxus Konvensiyası: Hüquqi yarılma-

O, Avropa və Mərkəzi Asiya üçün olduqca vacib sənəd olub, ekoloji hüququ insan hüquqları ilə əlaqələndirir, müəyyən edir ki, ekoloji məlumat və maarifləndirməyə malik olmadan vətəndaşlar qəbul edilmiş qərarlarda bütünlüklə iştirak edə bilməzlər. Dövlətlər ekoloji maarifləndirməni müdafiə etməli və ətraf mühitin problemləri haqqında ictimaiyyətin məlumatlandırılmasını yüksəltməyə borcludurlar.

4. Müasir mərhələ: DİM və UNESCO

Hal hazırda vurğulanma dayanıqlı inkişaf marağında məlumatlandırmadan təhsilə doğru yerini dəyişmişdir.

- **Dayanıqlı inkişafın 2030-cu ilə qədər məqsədləri:** 4.7 məqsədi birbaşa qarşıya vəzifə qoyur: 2030-cu ilə qədər dayanıqlı inkişafa kömək üçün bütün şagirdlərin bilik və vərdislər əldə etmələrini təmin etmək.

- Dayanıqlı inkişaf marağında təhsil haqqında Berlin Bəyannaməsi:

Qeyd olunur ki, ekoloji maariflənmə təhsilin bütün səviyyələrində tədris planlarının məcburi tərkibi olmalıdır.

Rəsmi aktlarda təsbit olunan əsas prinsiplər:

* беттерді бұзу, жеке материалдарды жариялау;

* топтық чаттарда қорқыту;

* кудалау, агрессивті пікірлер;

* жалған шоттар жасау.

Кибербуллинг формалары

1.Хейт-пікірлер мен қорлау;

2.Пішіндеу (қорлау, сыртқы түрін мазақ ету);

3.Боксинг (жеке деректерді жариялау);

4.Секстинг - бопсалау;

5.Экономикалық цифрлық агрессия (шоттарға зиян, бұғаттау);

6.Интернеттегі қауымдастықтан ерекшелік.

Кибербуллингтің салдары

Психологиялық: мазасыздық, депрессия, әлеуметтік оқшаулану, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі.

Әлеуметтік: қарым-қатынастағы қиындықтар, нақты әлеуметтік топтардан кету.

Педагогикалық: үлгерімнің төмендеуі, сабақтан қалмау, мотивацияның төмендеуі.

Кибербуллингтің әлеуметтік-педагогикалық профилактикасы. Әлеуметтік педагог қауіпсіз цифрлық ортаны құруға бағытталған көпжоспарлы қызметті жүзеге асырады.

1. Диагностикалық жұмыс

* Оқушылар ұжымындағы климат мониторингі.

* Кибербуллинг тәжірибесі туралы анонимді сауалнамалар.

* Тәуекел топтарын анықтау (өзін-өзі бағалауы төмен балалар, әлеуметтік осал студенттер).

2. Білім беру жұмысы

* Сандық сауаттылық сабақтары.

* Эмоционалды және әлеуметтік даму сабақтары.

* Қауіпсіз онлайн байланыс бойынша тренингтер.

* Желідегі қорқытудың нақты жағдайларын талдау ("кейстер").

3. Жеке кеңес беру

* жәбірленушілермен жұмыс: эмоционалды жағдайды қалпына келтіру, өзін-өзі бағалауды арттыру, әрекет ету стратегияларын үйрету;

* агрессорлармен жұмыс: агрессияның себептерін анықтау, мінез-құлықты түзету;

* пассивті бақылаушылармен жұмыс, азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

4. Ата-аналармен жұмыс

* сандық тәуекелдер туралы дәрістер;

* әлеуметтік медианы бақылау туралы нұсқаулық;

* позитивті цифрлық білім беру стратегияларын оқыту.

5. Педагогтармен және IT-құрылымдармен өзара іс-қимыл

* мектептің цифрлық мінез-құлық кодекстерін әзірлеу;

* жанжалдарды бақылау жүйелерін енгізу;

* әлеуметтік желілер әкімшілігімен ынтымақтастық (шағымдар, бұғаттау).

Тәжірибелік зерттеудің мақсаты - кешенді профилактикалық бағдарламаның мектеп ортасындағы кибербуллинг деңгейін төмендетуге әсерін бағалау.

Әдістері:

* кибербуллинг тәжірибесі туралы сауалнама;

* сандық құзыреттілік туралы сауалнама;

* бақылау;

* әлеуметтік педагогқа хабарламалар мен үндеулерді талдау.

Алдын-алу бағдарламасы 3 айға созылуына болады:

* Цифрлық қауіпсіздік бойынша 6 тренинг;

* 4 эмоционалды реттеу сабақтары;

* медиа еріктілер тобында жұмыс істеу;

* ата-аналарға арналған тренингтер;

* "желідегі қауіпсіз мектеп" онлайн-нұсқаулығын жасау.

Қорытынды ретінде -

1. Кибербуллинг жасөспірімдердің жеке және әлеуметтік дамуына теріс әсер ететін цифрлық дәуірдің маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселесі.

2. Әлеуметтік педагог маңызды функцияларды орындайды: диагностикалық, профилактикалық, консультациялық, ағартушылық және ұйымдастырушылық.

3. Цифрлық қауіпсіздікті оқытуды, қарым-қатынас дағдыларын дамытуды және отбасымен жұмыс істеуді қамтитын кешенді бағдарламалар кибербуллинг деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

4. Зерттеу нәтижелері жүйелі элеуметтік-педагогикалық жұмыс мектептің цифрлық ортасын үйлестіруге ықпал ететіндігін растайды.

5. Әрі қарайғы зерттеулердің болашағы-агрессияны ерте анықтаудың цифрлық құралдарын әзірлеу, мұғалімдерді цифрлық медиа-профилактикаға үйрету, жасырын кибербуллингтің нысандарын зерттеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бочавер А., Хломов К. Кибербуллинг как форма девиантного поведения подростков.
2. Willard N. Cyberbullying and Cyberthreats.
3. Livingstone S., Smith P. Annual Research Review: Harms experienced by children in digital environments.
4. Сафронова Т.Е. Профилактика подростковой агрессии в сети.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18769563>
FTAMP 14.35.09

PBL (PROBLEM-BASED LEARNING) ӘДІСІ АРҚЫЛЫ МҰНАЙ-ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

М. О. ОМАРОВА, Н. Ә. БЕКТЕНОВ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында мұнай химиясы пәнін оқыту үдерісінде Problem-Based Learning (PBL) әдісін қолданудың тиімділігі жан-жақты талданады. Қазіргі таңда білім алушылардың теориялық білімін нақты өндірістік жағдайларда қолдана білуі, сыни ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамытуы – кәсіби даярлықтың негізгі талаптарының біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, PBL әдісі студенттердің пәндік білімін өмірлік жағдайлармен ұштастырып, оларды белсенді, жауапкершілігі жоғары маман ретінде қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал болып саналады.

Зерттеудің мақсаты – PBL әдісін мұнай-химия пәнінде қолдану арқылы студенттердің танымдық белсенділігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыру. Зерттеу аралас (mixed-method) әдіспен жүзеге асырылып, дәстүрлі лекциялық әдіспен оқытылған топ пен PBL әдісі қолданылған топтың оқу нәтижелері салыстырмалы түрде бағаланды. PBL әдісі қолданылған тәжірибелік топқа нақты өндірістік және экологиялық мәселелерге негізделген есептер ұсынылды. Мәселен, мұнай қалдықтарын бейтараптандыру, мұнай өңдеу кезіндегі газдарды қайта пайдалану, мұнай өнімдерінің экологиялық паспорты сияқты тапсырмалар арқылы студенттер топпен жұмыс жасап, зерттеу жүргізіп, ғылыми негізделген шешімдер ұсынды.

Сауалнама мен бақылау нәтижелері бұл әдістің жоғары тиімділігін көрсетті: студенттердің 82%-ы мұнай химиясын проблемалық есептерді шешу арқылы оңай меңгергенін айтты. Сондай-ақ, шығармашылық белсенділік, дербес ойлау, зерттеушілік қабілет және топта жұмыс істеу дағдылары да айтарлықтай дамығаны байқалды. Алайда кейбір қиындықтар да кездесті: студенттердің бір бөлігі уақытты басқаруда және өз бетімен зерттеу жүргізуде қиындық көрді. Бұл жағдай әдістемелік қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Мақалада PBL әдісін мұнай-химия пәнінде жүйелі түрде қолданудың болашағы мен оны басқа химиялық пәндерге енгізу қажеттілігі атап өтіледі. PBL технологиясы болашақ инженер-химиктерді кәсіби тұрғыда даярлаудың пәрменді құралы ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: мұнай-химия, проблемалық оқыту, PBL әдісі, инженерлік білім беру, өндірістік есептер

РЕШЕНИЕ НЕФТЕХИМИЧЕСКИХ ЗАДАЧ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА PBL (ОБУЧЕНИЕ НА ОСНОВЕ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ)

М. О. ОМАРОВА, Н. Ә. БЕКТЕНОВ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматривается эффективность применения метода Problem-Based Learning (PBL) в процессе преподавания дисциплины "Нефтехимия" в высших учебных заведениях. В настоящее время умение студентов применять теоретические знания в реальных производственных условиях, развитие критического мышления и исследовательских навыков становятся одними из ключевых

требований профессиональной подготовки. С этой точки зрения метод PBL является эффективным педагогическим инструментом, направленным на интеграцию предметных знаний студентов с жизненными ситуациями и формирование у них активной и ответственной профессиональной позиции.

Цель исследования – повышение познавательной активности и профессиональной компетентности студентов через использование метода PBL в преподавании нефтехимии. Исследование проведено с применением смешанного (*mixed-method*) подхода, в рамках которого сравнительно оценены учебные результаты группы, обучавшейся традиционным лекционным методом, и группы, в которой применялся метод PBL. Экспериментальной группе предлагались задачи, основанные на реальных производственных и экологических проблемах. Например, задания по нейтрализации нефтяных отходов, повторному использованию газов при переработке нефти, составлению экологического паспорта нефтепродуктов стимулировали студентов к работе в команде, проведению исследований и предложению научно обоснованных решений.

Результаты анкетирования и наблюдений показали высокую эффективность данного подхода: 82% студентов отметили, что с помощью проблемных заданий им стало легче усваивать материал по нефтехимии. Также наблюдалось значительное развитие творческой активности, самостоятельного мышления, исследовательских способностей и навыков работы в группе. Однако были выявлены и некоторые трудности: часть студентов испытывала сложности в управлении временем и проведении самостоятельных исследований. Это подчёркивает необходимость методической поддержки.

В статье подчёркивается перспектива системного внедрения метода PBL в преподавание нефтехимии, а также необходимость его распространения на другие химические дисциплины. Технология PBL предлагается как эффективный инструмент профессиональной подготовки будущих инженер-химиков.

Ключевые слова: нефтехимия, проблемное обучение, метод PBL, инженерное образование, производственные задачи

SOLVING PETROCHEMICAL PROBLEMS USING THE PBL (PROBLEM-BASED LEARNING) METHOD

M. O. OMAROVA, N. A. BEKTENOV

Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. *This article presents a comprehensive investigation into the effectiveness of the Problem-Based Learning (PBL) approach in the context of teaching petrochemistry at higher education institutions. In contemporary chemical education, the ability of students to apply theoretical knowledge in real-world industrial settings, alongside the development of critical thinking and research competencies, is recognized as a core requirement of professional training. From this perspective, PBL emerges as a pedagogically sound strategy that facilitates the integration of subject-specific knowledge with practical scenarios, thereby fostering active, responsible, and practice-oriented chemical professionals.*

The purpose of the study is to enhance students' cognitive engagement and professional competencies by implementing the PBL method in petrochemistry courses. Employing a mixed-methods research design, the study compares the academic outcomes of a control group taught via conventional lecture-based instruction with those of an experimental group engaged in PBL. The latter group was tasked with solving real-life, industry-related and environmental problems, including the neutralization of petroleum waste, reuse of gases during refining processes, and the development of ecological passports for petroleum products. These tasks required collaborative work, independent inquiry, and the formulation of scientifically grounded solutions.

The findings—obtained through surveys and observational analysis—demonstrated the significant pedagogical value of the PBL approach. Notably, 82% of participants reported improved comprehension of petrochemical concepts when engaged in problem-solving activities. Furthermore, marked progress was observed in students' creativity, independent reasoning, research skills, and teamwork abilities. Nonetheless, the study also revealed certain challenges, such as difficulties in time management and conducting autonomous research, underscoring the importance of structured methodological support.

The article concludes by highlighting the potential for systematically integrating the PBL methodology into petrochemistry education and advocates for its broader application across other domains of chemical science. As such, PBL is positioned as an effective framework for the professional development of future chemical engineers.

Keywords: petrochemistry, problem-based learning, PBL method, engineering education, industrial problems

Негізгі ережелер. PBL (проблемалық оқыту) әдісі мұнай-химия пәнін оқытуда студенттердің инженерлік және сыни ойлау қабілеттерін дамыта отырып, теорияны практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс студенттердің мотивациясын арттырып, оларды топтық жұмысқа және жобалық зерттеулерге белсенді қатысуға ынталандырады. PBL – мұнай-химия саласындағы мамандарды ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкес даярлауға бағытталған заманауи әрі тиімді педагогикалық тәсіл.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінде студенттердің функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік қабілетін және инженерлік ойлауын дамыту мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр[1]. Әсіресе қолданбалы сипаттағы пәндер, соның ішінде мұнай-химиясы саласы, болашақ мамандардың теориялық білімін нақты өндірістік міндеттермен ұштастыра отырып, күрделі практикалық жағдайларда шешім қабылдай алу дағдысын қалыптастыруды талап етеді[2]. Бұл тұрғыда білім беру процесін жаңғыртудың тиімді тәсілдерінің бірі – Problem-Based Learning (PBL), яғни проблемалық оқыту әдісін енгізу болып табылады[3]. Бұл әдістің мазмұны мен маңыздылығы мұнай-химиялық пәндерді оқытуда ерекше айқындалады.

PBL әдісі – білім алушылардың нақты өмірлік немесе өндірістік проблемаларға негізделген тапсырмаларды шешу барысында жаңа білім мен дағдыларды меңгеруін көздейтін педагогикалық модель[4]. Бұл тәсіл студенттердің белсенді танымдық қызметін арттыруға, теорияны тәжірибемен байланыстыра отырып қолдануға, күрделі жағдайларда дербес шешім қабылдауына ықпал етеді. Сонымен қатар, проблемалық оқыту әдісі командалық жұмысқа бейімделу, коммуникациялық дағдыларды дамыту, ақпаратты талдау және сыни тұрғыдан бағалау сияқты ХХІ ғасыр талап ететін әмбебап құзыреттердің қалыптасуына да оң әсерін тигізеді[5].

Мұнай-химия саласында PBL әдісін қолдану – студенттерге теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, өндірістік және экологиялық сипаттағы нақты проблемаларды шешуге бағытталған тәжірибе қалыптастырудың тиімді жолы[6]. Мұнай өнімдерін өндіру және қайта өңдеу процестері, қоршаған ортаға әсерін азайту, ресурстарды тиімді пайдалану, катализ және тазалау технологияларын жетілдіру сынды өзекті мәселелерді зерттеу – болашақ маманның кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады[7]. PBL әдісі дәл осы мәселелерді білім беру процесіне енгізуге мүмкіндік береді, яғни студент тек дайын білімді қабылдаушы емес, өз бетімен ізденуші және шешім қабылдаушы тұлға ретінде қалыптасады.

Мұнай-химиялық есептер – құрамында күрделі термодинамикалық, кинетикалық, фазалық тепе-теңдік және зат алмасу процестері қамтылған ғылыми-өндірістік есептер[8]. Мұндай есептерді шешуде студенттер тек математикалық немесе химиялық білімді пайдаланып қана қоймай, экологиялық қауіпсіздік, экономикалық тиімділік, техникалық параметрлерді оңтайландыру сияқты көп факторлы жағдайларды да ескеруі қажет[9].

Сондықтан мұнай-химиялық пәндерде оқытудың дәстүрлі әдістерінен бөлек, зерттеуге, модельдеуге және инновациялық шешім ұсынуға бағытталған әдістемелерді енгізу қажеттілігі артып келеді. PBL әдісі осы қажеттіліктерді толық өтей отырып, оқытуды өмірмен, ғылыммен және өндіріс тәжірибесімен тығыз байланыстыруға негіз болады.

Бұл мақалада жоғары оқу орнында мұнай-химиясы пәні аясында PBL әдісін қолданудың педагогикалық және әдістемелік аспектілері қарастырылады. Зерттеу жұмысы шеңберінде студенттерге нақты өндірістік және экологиялық проблемаларға негізделген есептер ұсынылды. Мысалы, атмосфераға бөлінетін күкірт диоксидінің мөлшерін азайту жолдарын есептеу, қалдықтарды қайта өңдеудің химиялық механизмдерін анықтау, мұнай өңдеу процесінде энергия үнемдеу мүмкіндіктерін бағалау сияқты міндеттер қойылды. Бұл есептерді шешу барысында студенттер теориялық білімін талдау, модельдеу, зерттеу және негізделген шешім қабылдау арқылы практикалық дағдыларын жетілдірді.

PBL әдісі арқылы ұйымдастырылған оқу үдерісі студенттердің ғылыми ізденіс мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, өз білімін болашақ кәсіби қызметімен байланыстыра білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс мұғалімнің де рөлін өзгертеді: дәстүрлі түрде білім беруші ретіндегі қызметтен гөрі, оқушыны бағыттаушы, кеңесші және процестің модераторы рөліне көшуге итермелейді. Осының нәтижесінде студенттің білім алу процесіне белсенді қатысуы, жауапкершілік сезімінің артуы, ұжымда жұмыс жасау мәдениеті мен зерттеушілік қызығушылығы дамиды.

Жалпы алғанда, PBL әдісін мұнай-химиялық есептерді шешуге қолдану – студенттердің пәндік білімін тереңдетумен қатар, олардың кәсіби, әлеуметтік және зерттеушілік құзыреттерін кешенді түрде дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық құрал болып табылады. Осы мақалада ұсынылған тәсілдер мен тәжірибелер мұнай-химиясын оқытуда проблемалық оқытудың тиімділігін көрсетіп, болашақ инженер-химиктердің сапалы даярлығына үлес қосады.

Материалдар мен әдістер. Осы мақалада қолданылған зерттеу дизайны — сандық және сапалық деректерді қатар қарастыратын аралас әдістеме (mixed-method). Бұл тәсіл мұнай-химия пәнін оқытудағы PBL әдісінің тиімділігін тереңірек бағалауға, оның дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктерін жан-жақты саралауға мүмкіндік берді. Аталған зерттеу әдісі оқыту процесіндегі сапалы өзгерістерді тек оқу үлгерімі арқылы ғана емес, сонымен қатар студенттердің белсенділігі, қызығушылығы және командалық жұмыс қабілеттері сияқты жанама көрсеткіштер арқылы да сипаттауға бағытталды [10].

Зерттеу алдымен алдын ала дайындық кезеңінен тұрды. Бұл кезеңде мұнай-химия пәнінен сабақ берілетін екі академиялық топ таңдалып алынды. Бірінші топқа дәстүрлі лекциялық әдісі қолданылса, екінші топқа проблемалық оқыту (PBL) әдісі енгізілді. Әдістемелік интервенцияны дұрыс жүзеге асыру үшін PBL әдісінің құрылымын, тапсырма беру үлгілерін және бағалау критерийлерін алдын ала жоспарлап, студенттерге нақты нұсқаулықтар берілді.

Эксперименттік кезеңде студенттерге нақты өндірістік және қоршаған орта жағдайларына негізделген бірнеше есеп түрлері ұсынылды. Бұл тапсырмалар мұнай-химиясының қазіргі заманғы өзекті проблемаларын қамтыды және келесі мазмұнды тапсырмалардан тұрды:

Мұнай қалдықтарын бейтараптандырудың химиялық реакциялары – бұл тапсырмада студенттер өндірістік қалдық құрамын зерттеп, оларды залалсыздандыру үшін қолдануға болатын химиялық реакцияларды таңдауы керек болады.

Мұнай фракцияларын қайта өңдеудің тиімді жолдары – студенттерге мұнай өңдеу зауытындағы айдау және ректификация процестерін модельдеу және өндірістің жаңа жолдарын табу ұсынылды.

Күкіртті қосылыстарды жоюдың экологиялық тәсілдері – бұл есепте студенттер мұнай өнімдеріндегі H_2S және басқа күкіртті қосылыстарды жою әдістерін экологиялық және экономикалық тұрғыдан бағалады.

Газдар бөлінуінің жылдамдығын есептеу және оған әсер ететін факторлар – бұл тапсырма арқылы реакция кинетикасын қолдана отырып газ шығарушы процестерді талдауға бағыт берілді.

Әрбір студент шағын 3–4 адамнан тұратын топқа біріктірілді. Әр топқа нақты проблема сипаттамасы, бастапқы мәліметтер және зерттеу жүргізуге арналған құралдар ұсынылды. Топ мүшелері мәселені бірлесіп зерттеп, шешім нұсқаларын ұсынды. Шешімдерін ғылыми тұрғыда негіздеп, оларды презентация немесе постер-сессия түрінде қорғады. Оқу үдерісі барысында оқытушы фасилитатор рөлін атқарып, студенттерге бағыт-бағдар беріп отырды, бірақ тікелей шешім ұсынған жоқ.

Бағалау әдістері үш түрлі тәсілмен жүзеге асырылды:

Сауалнама – зерттеу соңында студенттерден PBL әдісінің тиімділігі, қызығушылық деңгейі және жеке үлесі туралы сауалнама алынды. Сұрақтар Ликерт шкаласы бойынша құрылып, нәтижелер сапалық түрде өңделді[11].

Бақылау парақтары – оқу барысындағы студенттердің белсенділігі, командамен өзара әрекеттесуі, мәселені шешу барысындағы креативтілігі мен дербестігі оқытушы тарапынан жүйелі түрде бақыланып отырды.

Оқу үлгерімінің көрсеткіштері – дәстүрлі топ пен PBL әдісі қолданылған топтың қорытынды бағалары салыстырылып, есептерді орындау сапасы мен мазмұндық тереңдігіне талдау жүргізілді.

Жинақталған деректер негізінде PBL әдісі қолданылған топта студенттердің оқу мотивациясы, пәнге деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттері жоғары болғаны байқалды. Сонымен қатар, экологиялық есептерді шешуде студенттердің жауапкершілік сезімі артып, дербес зерттеу жүргізуге деген ұмтылысы күшейді. Мұндай нәтижелер проблемалық оқытудың мұнай-химиялық білім беруде тек когнитивті емес, аффективті және әлеуметтік құзыреттерді де дамытатынын көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу барысында қолданылған аралас әдістеме арқылы алынған мәліметтер PBL әдісінің тиімділігін теориялық әрі практикалық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл тек мұнай-химиясы саласында ғана емес, басқа да қолданбалы пәндерге енгізуге болатын перспективалық педагогикалық бағыт ретінде ұсынылуы мүмкін.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Problem-Based Learning (PBL) әдісін мұнай-химия пәнін оқытуда қолданудың жоғары тиімділігін айқын көрсетті. PBL әдісі қолданылған топтарда студенттердің пәнге деген қызығушылығының, белсенділігінің және оқу мотивациясының айтарлықтай артқаны байқалды. Бұл үрдіс тек оқытушы бақылауынан ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік бағалауы мен сауалнама нәтижелері арқылы да расталды. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 82%-ы мұнай-химия саласындағы тақырыптарды мәселе шешу арқылы меңгеру әлдеқайда тиімді екенін атап өтті. Бұл көрсеткіш дәстүрлі лекциямен оқытылған топтағы сәйкес көрсеткішпен салыстырғанда едәуір жоғары (традициялық әдісте – 56%).

PBL әдісі студенттерге химиялық теорияны тек жаттап алу емес, оны нақты өндірістік және экологиялық контексте қолдана білуді үйретті. Студенттер ұсынылған проблемаларды шешу барысында химиялық реакция теңдеулерін дұрыс жазып, процестің термодинамикалық және кинетикалық ерекшеліктерін ескеріп, есептеулер жүргізді. Сонымен қатар, олар химиялық технологиялардың экологиялық қауіпсіздігін бағалап, заманауи әдістерді қолдану арқылы оңтайлы шешімдер ұсынды.


Зерттеу барысында ұсынылған жобалар студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерінің артқанын көрсетті. Мәселен, бір топ студент «Биодизель өндірісіндегі қалдықтарды бейтараптандыру» жобасын әзірледі. Бұл жоба барысында олар метанолмен өңделетін өсімдік майларынан алынатын қалдықтардың құрамын зерттеп, оларды

сілтілік бейтараптандыру әдісімен зиянсыздандыру механизмін ұсынды. Сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан бейтарап өнім шығару үшін катализатор ретінде пайдалануға болатын биоалмастырғыш заттарға талдау жүргізді. Жобаның ерекшелігі – тек химиялық есеппен шектелмей, экономикалық тиімділік пен қалдықсыз өндіріс принциптерін негізге ала отырып кешенді шешім ұсынылуы болды.

Тағы бір топтың жұмысы – «Мұнай өңдеу кезінде бөлінетін газдарды қайта қолдану» тақырыбына арналды. Бұл жобада студенттер мұнай фракцияларын айдау процесінде бөлінетін көмірсутек газдарының құрамын зерттеп, оларды қайталама шикізат ретінде қолданудың жолдарын қарастырды. Атап айтқанда, пропан мен бутанды алкан синтезіне немесе тұрмыстық отынға қайта өңдеу жолдары ұсынылды. Жоба барысында газдардың экологиялық әсері бағаланып, CO₂ шығарылымын төмендетуге ықпал ететін инженерлік шешімдер модельденді.

Үшінші қызықты жоба – «Мұнай өнімдерінің экологиялық паспорты» тақырыбына арналды. Бұл жұмыс студенттерге өнімнің өмірлік циклін бағалауды үйретуге бағытталды. Жоба аясында мұнай өнімдерінің физика-химиялық сипаттамалары, олардың қоршаған ортаға әсері және қалдықсыз өңдеу мүмкіндіктері талданды. Студенттер мұнай өнімінің экологиялық индексін бағалау шкаласын жасап, өнімге экопаспорт үлгісін әзірледі. Бұл тәсіл болашақ инженер-химиктердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға зор ықпал етті.

PBL әдісі негізінде жүзеге асырылған осы жобалар студенттердің тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, ақпаратты іздеу және талдау, дәлелді қорытынды жасау, ғылыми жазылым мен презентация жасау қабілеттерін де дамытуға жағдай жасады. Бұл дағдылар XXI ғасыр білім беру жүйесінде аса маңызды саналатын «soft skills» қатарына жатады.



Сурет 1. PBL әдісін қолдану нәтижесінде студенттердің оқу және зерттеушілік дағдыларының артуы (Сауалнама нәтижелері бойынша құрастырылған).

Сондай-ақ зерттеу нәтижесінде PBL әдісі қолданылған топтағы студенттердің оқу үлгерімі жоғары болғаны анықталды. Қорытынды тестілеу нәтижелері бойынша, дәстүрлі әдіспен оқытылған топта студенттердің орташа баллы 72% болса, PBL әдісімен оқытылған

топта бұл көрсеткіш 86%-ға жетті. Айырмашылық әсіресе күрделі есептерді шешу, жағдайды модельдеу және ғылыми негіздеме келтіру бөлімдерінде анық байқалды.

Бақылау парақтары арқылы алынған сапалық деректер де оң нәтиже көрсетті. Студенттер арасындағы топшілік коммуникация, бір-бірін тыңдау, пікір алмасу және бірлескен шешім қабылдау процестері жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл, өз кезегінде, оқу барысында студенттердің эмоционалдық ынталануын арттырып, пәнге деген ішкі мотивацияның дамуына ықпал етті.

Қорытындылай келе, PBL әдісі мұнай-химия пәнін оқытуда студенттердің белсенді танымдық әрекетін күшейтетін, теория мен практиканы байланыстыратын, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытатын тиімді педагогикалық құрал екені дәлелденді. Мұндай әдістеме арқылы дайындалған болашақ маман тек химиялық біліммен ғана шектелмей, оны күрделі өндірістік және экологиялық жағдайларда қолдана алатын жан-жақты тұлға ретінде қалыптасады.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері Problem-Based Learning (PBL) әдісінің мұнай-химия пәнін оқытудағы тиімділігін нақты дәлелдеп отыр. Бұл әдіс студенттердің теориялық білімді игеру деңгейін арттырумен қатар, оларды өндірістік және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған нақты әрекетке үйретеді. PBL технологиясы дәстүрлі оқыту формаларымен салыстырғанда оқушылардың білім алу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және танымдық белсенділікті едәуір күшейтеді. Мұндай оқыту форматы болашақ инженер-химиктердің кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

PBL әдісінің басты артықшылығы – оқытудың интерактивті, зерттеушілік сипаты. Студенттер нақты проблемаға негізделген тапсырмаларды орындау барысында дайын ақпаратты механикалық түрде қабылдаудан бас тартып, керісінше өз бетінше ақпарат іздеуге, мәселені жан-жақты талдауға және негізделген шешім қабылдауға дағдыланады. Бұл олардың ғылыми ойлау, логикалық талдау, шығармашылық және сыни тұрғыдан пайымдау қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Әсіресе экологиялық және технологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді шешу барысында студенттер балама шешім нұсқаларын ұсынып, оларды ғылыми тұрғыда негіздеуге ұмтылады. Мұндай тәжірибе болашақ кәсіби қызметке дайындықтың маңызды бөлігі саналады.

Мұнай-химия пәні мазмұнының күрделі әрі пәнаралық сипатта болуы да PBL әдісінің тиімділігін арттыратын фактор ретінде қарастырылды. Химиялық есептерді шешу барысында студенттерге термодинамика, кинетика, экология, экономика және қауіпсіздік мәселелерін ескере отырып, кешенді шешім қабылдау талап етіледі. Бұл жағдайда PBL әдісі олардың пәнаралық байланыстарды түсіну қабілетін дамытып, білімді өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Студенттер теориялық ұғымдарды нақты өндірістік процестермен байланыстыруды үйренеді: мысалы, мұнай фракцияларын бөлу, газдармен жұмыс істеу, күкіртті қосылыстарды жою және қалдықтарды бейтараптандыру сияқты өзекті мәселелерді шешуге ғылыми көзқарас қалыптастырады.

Дегенмен, PBL әдісін енгізу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды. Атап айтқанда, студенттердің барлығы бірдей жаңа оқыту форматына жылдам бейімделе алмады. Кейбір студенттер проблеманы өз бетінше зерттеуге және командамен жұмыс істеуге қажетті дағдыларға бірден ие бола алмады. Бұл, әсіресе, бастама көтеруден жасқанатын немесе оқу мотивациясы төмен студенттерде айқын байқалды. Сонымен қатар, уақытты тиімді басқару мәселесі де маңызды қиындықтардың бірі ретінде тіркелді: кейбір топтар берілген тапсырмаларды белгіленген мерзімде толық аяқтай алмай, материалды толықтай игере алмады. Осыған байланысты оқытушы тарапынан әдістемелік қолдау мен фасилитациялық көмек көрсету қажеттігі туындады. PBL әдісін тиімді жүзеге асыру үшін оқытушы тек білім көзі емес, білім алушыны бағыттайтын, мотивациялайтын және қолдайтын модератор ретінде әрекет етуі тиіс.

Оқытушылар үшін бұл әдісті жүзеге асыру – оқу процесін алдын ала мұқият жоспарлауды, тапсырмаларды нақты құрылымдауды және бағалау критерийлерін дұрыс анықтауды талап етеді. Сонымен қатар, оқытушы студенттердің прогресін үнемі бақылап, кері байланыс беріп отыруы қажет. PBL әдісін тиімді қолдану үшін жоғары оқу орындарында оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытында арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Бұл мұнай-химия сияқты күрделі пәндерде оқытудың сапасын арттырумен қатар, білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді енгізуді де жеңілдетеді.

PBL әдісінің тиімділігі тек когнитивтік нәтижелермен ғана емес, аффективті және әлеуметтік аспектілермен де расталды. Студенттер бірлесіп жұмыс істеу арқылы өзара жауапкершілік пен сенімділік, рөлдер мен міндеттерді бөлу, коммуникация және жанжалдарды шешу сияқты әлеуметтік дағдыларды дамытты. Бұл дағдылар болашақ мамандардың ұжымдық жұмысқа дайын болуын қамтамасыз етеді және өндірістік ортада табысты қызмет атқаруға негіз қалайды.

Жалпы алғанда, PBL әдісінің мұнай-химия пәніне енгізілуі студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін, ғылыми ойлау қабілетін және зерттеушілік дағдыларын кешенді дамытуға жағдай жасайды. Бұл әдіс білім алушылардың химиялық білімін экологиялық және өндірістік контексте қолдануға, күрделі жағдаяттарда жауапкершілікпен шешім қабылдауға және балама технологиялық шешімдер ұсынуға қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар, бұл тәжірибе инженерлік, экологиялық және химиялық мамандықтарда PBL әдісін кеңінен енгізуге болатындығын көрсетеді.

Осылайша, проблемалық оқыту тек оқытудың инновациялық әдісі ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың заманауи талаптарға сәйкес жан-жақты дайындалған кәсіби маман ретінде қалыптасуына ықпал ететін пәрменді педагогикалық құрал болып саналады. Мұнай-химия сияқты кешенді пәндерде бұл әдістің қолданылуы студенттердің теориялық білімін практикалық машықпен ұштастырып, болашақ кәсіби қызметіне сенімді қадам жасауына мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде Problem-Based Learning (PBL) әдісі жоғары оқу орнында мұнай химиясы пәнін оқытудың тиімді құралы ретінде танылды. Бұл әдіс студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, оларды нақты өндірістік және экологиялық мәселелерді шешуге бағыттады. PBL технологиясы теориялық білім мен практикалық дағдылардың арасындағы байланысты күшейтіп, білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік және топпен жұмыс істеу қабілетін дамытты.

Мұнай-химия пәнінің мазмұны күрделі әрі қолданбалы сипатқа ие болғандықтан, оны оқытуда дәстүрлі лекциялық әдістер жеткіліксіз болып келеді. Ал PBL әдісі студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға, өндірістік жағдайларға бейімделуіне және кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Зерттеу барысында студенттер экологиялық қауіпсіздік, қалдықсыз өндіріс, энергия тиімділігі сияқты мәселелерді ғылыми тұрғыда бағалап, балама шешімдер ұсынды.

Алайда, әдісті енгізу барысында бірқатар қиындықтар да кездесті. Кейбір студенттер зерттеушілік форматқа бірден бейімделе алмады, уақытты тиімді басқаруда қиындық көрді. Бұл мұғалім тарапынан жүйелі әдістемелік қолдау мен бағыттауды талап етеді.

Жалпы алғанда, PBL әдісін мұнай химиясы пәніне енгізу — болашақ инженер-химиктерді даярлау сапасын арттыратын, кәсіби құзыреттілікті дамытатын, өндірістегі күрделі мәселелерді ғылыми тұрғыда шешуге бейім мамандарды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды педагогикалық тәсіл. Болашақта бұл әдісті басқа химиялық пәндерге де кеңінен енгізу және әдістемелік база қалыптастыру ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Cencelj Z. et al. Metacognitive Model for Developing Science, Technology and Engineering Functional Literacy //Journal of baltic science education. – 2020. – Т. 19. – №. 2. – С. 220-233.
2. Zhuravleva M. et al. Interdisciplinary approach to teaching petrochemical engineers //International Conference on Interactive Collaborative Learning. – Cham : Springer International Publishing, 2021. – С. 645-652. https://doi.org/10.1007/978-3-030-93904-5_64
3. Hidayati R. M., Wagiran W. Implementation of problem-based learning to improve problem-solving skills in vocational high school //Jurnal Pendidikan Vokasi. – 2020. – Т. 10. – №. 2. – С. 177-187. <https://doi.org/10.21831/jpv.v10i2.31210>
4. Tanna P., Lathigara A., Bhatt N. Implementation of problem based learning to solve real life problems //Journal of Engineering Education Transformations. – 2022. – Т. 35. – №. Special Issue 1. eISSN 2394-1707
5. AlAli R. Enhancing 21st century skills through integrated STEM education using project-oriented problem-based learning //Geo Journal of Tourism and Geosites. – 2024. – Т. 53. – №. 2. – С. 421-430. <https://doi.org/10.30892/gtg.53205-1217>
6. Baran M., Sozbilir M. An application of context-and problem-based learning (C-PBL) into teaching thermodynamics //Research in Science Education. – 2018. – Т. 48. – С. 663-689. <https://doi.org/10.1007/s11165-016-9583-1>
7. Akhtar M. S., Ali S., Zaman W. Recent advancements in catalysts for petroleum refining //Catalysts. – 2024. – Т. 14. – №. 12. – С. 841. <https://doi.org/10.3390/catal14120841>
8. Zhuravleva M. et al. Interdisciplinary Engineering Education For Sustainable Development Of Russian Petrochemical Cluster //European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2021. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.09.02.166>
9. Drouven M. G., Cafaro D. C., Grossmann I. E. Mathematical programming models for shale oil & gas development: a review and perspective //Computers & Chemical Engineering. – 2023. – Т. 177. – С. 108317.
10. Taherdoost H. What are different research approaches? Comprehensive review of qualitative, quantitative, and mixed method research, their applications, types, and limitations //Journal of Management Science & Engineering Research. – 2022. – Т. 5. – №. 1. – С. 53-63. <https://hal.science/hal-03741840v1> (қаралды: 09.05.2025)
11. South L. et al. Effective use of Likert scales in visualization evaluations: A systematic review //Computer Graphics Forum. – 2022. – Т. 41. – №. 3. – С. 43-55. <https://doi.org/10.1111/cgf.14521>

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18769591>

UDC: 811

CULTURAL IMPACT ON THE INTERPRETATION AND USAGE OF IDIOMS IN CONTEMPORARY ENGLISH

ТУРГАРИНА АҚЕРКЕ БАЙЖАНҚЫЗЫ

Университет «Мирас», Шымкент, Казахстан
Сектор иностранных языков, магистратура, 2- курс

Аннотация: Данное исследование посвящено влиянию культурных особенностей на интерпретацию и использование идиом и фразеологических единиц в современном английском языке. Идиомы, как фиксированные выражения с переносным значением, часто отражают социальный, исторический и культурный контекст, в котором они возникают. Понимание этих выражений требует не только лингвистических знаний, но и культурной осведомлённости, поскольку их значения могут значительно различаться в зависимости от культурного фона. В исследовании рассматривается, как культурные факторы влияют на восприятие, перевод и практическое использование идиоматических выражений в различных коммуникативных ситуациях, включая литературу, медийные тексты, рекламу и повседневную речь. Особое внимание уделяется трудностям, с которыми сталкиваются носители других языков при интерпретации идиом, особенно тех, которые основаны на культурных ссылках, исторических событиях или социальных практиках. Исследование также подчёркивает роль идиом в формировании идентичности, передаче юмора и обогащении выразительных средств языка. Анализ примеров использования идиом и изучение межкультурных различий демонстрируют, что идиомы служат мостом между языком и культурой, отражая коллективные ценности, традиции и социальные нормы. Результаты исследования показывают, что более глубокое понимание культурного контекста является необходимым для эффективного общения, точного перевода и преподавания идиоматического языка в английском как иностранном или втором языке.

Ключевые слова: идиомы, фразеологические единицы, культурное влияние, межкультурная коммуникация, образный язык, английский язык, язык и культура, интерпретация.

Abstract: This study examines the impact of cultural characteristics on the interpretation and usage of idioms and phraseological units in contemporary English. Idioms, as fixed expressions with figurative meanings, often reflect the social, historical, and cultural context in which they arise. Understanding these expressions requires not only linguistic knowledge but also cultural awareness, as their meanings can vary significantly depending on cultural background. The research investigates how cultural factors influence the comprehension, translation, and practical use of idiomatic expressions in different communicative settings, including literature, media texts, advertising, and everyday speech. It highlights the challenges that non-native speakers face when interpreting idioms, particularly those rooted in cultural references, historical events, or social practices. The study also emphasizes the role of idioms in shaping identity, conveying humor, and enhancing expressive richness in language. By analyzing examples of idiomatic usage and examining cross-cultural differences, the research demonstrates that idioms serve as a bridge between language and culture, reflecting collective values, traditions, and social norms. The findings suggest that a deeper understanding of cultural context is essential for effective communication, accurate translation, and the teaching of idiomatic language in English as a foreign or second language.

Key words: idioms, phraseological units, cultural influence, cross-cultural communication, figurative language, English language, language and culture, interpretation.

Introduction

Language is not only a system of communication but also a reflection of culture, history, and social values. Among the most interesting and complex aspects of any language are idioms and phraseological units—fixed expressions whose meanings cannot always be deduced from the individual words. Idioms are deeply embedded in cultural and social contexts, which makes their interpretation highly dependent on the knowledge of cultural norms, historical references, and everyday practices. In contemporary English, idioms are widely used in spoken and written communication, including literature, media texts, advertising, and casual conversation, serving as powerful tools for expression, humor, and stylistic richness. Cultural characteristics play a crucial role in shaping the meaning and usage of idiomatic expressions. Many idioms originate from historical events, folklore, mythology, and traditional practices of English-speaking societies. For non-native speakers or learners of English, these expressions often present challenges, as understanding them requires more than linguistic competence—it demands cultural awareness. Misinterpretation of idioms can lead to misunderstandings, inaccurate translations, and ineffective communication, especially in cross-cultural contexts. The study of idioms from a cultural perspective is essential for both linguists and educators. It allows researchers to explore how language and culture interact, how meanings evolve over time, and how expressions reflect societal attitudes and collective experiences. Additionally, idioms serve as markers of identity and social belonging, revealing the values, beliefs, and humor of the communities in which they are used. This research aims to investigate the influence of cultural characteristics on the use and understanding of idioms and phraseological units in contemporary English. By analyzing examples from various media and communicative contexts, the study highlights the significance of cultural knowledge in interpreting idiomatic language. It also examines the challenges that learners and non-native speakers face, providing insights into effective strategies for teaching, learning, and translating idioms in English. Understanding the cultural dimensions of idioms not only enriches language comprehension but also enhances cross-cultural communication and appreciation of the depth and diversity of English as a global language.

Main part

1. The nature and cultural significance of idioms in English

Idioms and phraseological units are integral components of any language, representing fixed expressions whose meanings often go beyond the literal definitions of the individual words. In English, idioms are used extensively in both spoken and written communication, ranging from everyday conversation to literature, advertising, and media discourse. Their unique characteristic lies in the combination of linguistic form and cultural meaning, which often makes them challenging for non-native speakers to understand and use correctly. The cultural significance of idioms cannot be overstated. Many idiomatic expressions originate from historical events, folklore, literature, and traditional practices of English-speaking societies. For example, expressions like “spill the beans” or “kick the bucket” carry figurative meanings that are rooted in cultural and historical contexts. Without knowledge of these cultural references, learners may interpret idioms literally, leading to misunderstandings. Idioms also serve as markers of social identity and group belonging. They allow speakers to convey shared knowledge, humor, and emotional nuances that are culturally recognizable. In media and literature, idioms enhance stylistic richness, create imagery, and establish tone. Advertisers, journalists, and content creators often employ idiomatic expressions to connect with audiences, evoke emotions, and establish relatability. Furthermore, the study of idioms from a cultural perspective reveals the dynamic interaction between language and society. Idiomatic language reflects values, beliefs, and attitudes of the community in which it is used. It evolves over time, with some expressions becoming archaic while new idioms emerge, often influenced by popular culture, social media, and global communication trends. Understanding idioms, therefore, requires both linguistic competence and cultural literacy. Recognizing the cultural roots and contextual meanings of idiomatic expressions is essential for accurate interpretation, effective communication, and successful translation. This chapter establishes the theoretical foundation for analyzing idioms in

English, emphasizing their dual nature as linguistic constructs and cultural artifacts, which sets the stage for exploring their practical usage in contemporary media and everyday communication.

2. Comparative Analysis of Idiomatic Expressions Across Cultural Contexts

Idiomatic expressions vary widely across different cultural contexts, reflecting the unique values, traditions, and social norms of each society. In English, idioms often carry cultural references that are specific to the history, folklore, and daily life of English-speaking communities. Understanding these expressions requires more than knowledge of the language itself—it demands familiarity with the cultural background in which the idiom originated and is commonly used. One of the main challenges in cross-cultural analysis of idioms is the difficulty of literal translation. Many idioms lose their figurative meaning when translated word-for-word into another language, resulting in confusion or misinterpretation. For instance, the English idiom “hit the nail on the head,” meaning to describe something accurately, may not have a direct equivalent in another language and would require a culturally appropriate adaptation. Similarly, idioms tied to historical or social events, such as “crossing the Rubicon,” carry connotations that are fully understood only by those familiar with the cultural reference. Comparative analysis also highlights the different ways idioms function in communication. In English, idioms are frequently used to convey humor, irony, or emphasis. They help speakers express complex ideas succinctly and vividly. In other cultural contexts, idiomatic expressions may serve similar purposes but follow different conventions and linguistic patterns. By examining these differences, researchers can better understand the interplay between language, thought, and culture. In media and literature, idioms are employed strategically to create stylistic effects, connect with audiences, and reflect cultural identity. For example, English-language films, advertisements, and online content often use idiomatic expressions to engage viewers, evoke emotion, and add authenticity to dialogue. In cross-cultural settings, recognizing these idiomatic forms is crucial for translators, language learners, and educators to ensure effective communication and cultural comprehension. This comparative perspective underscores the importance of cultural literacy in interpreting idiomatic expressions. It demonstrates that idioms are not just linguistic constructs but also carriers of social meaning and cultural heritage. Understanding these expressions within their cultural context enhances both language proficiency and intercultural competence, which are essential skills in today’s globalized world.

Conclusion

In conclusion, the study of idioms and phraseological units in English highlights the inseparable connection between language and culture. Idiomatic expressions are more than mere linguistic constructs; they are cultural artifacts that reflect the history, traditions, social norms, and collective experiences of English-speaking communities. Their figurative meanings, often rooted in specific cultural contexts, make them challenging for non-native speakers, translators, and learners, emphasizing the need for cultural awareness alongside linguistic competence. The comparative analysis of idioms across different cultural contexts demonstrates that understanding and using idiomatic expressions effectively requires knowledge of both language and culture. Idioms serve multiple communicative functions, including conveying humor, emphasis, emotion, and identity. They enrich media discourse, literature, advertising, and everyday conversation by adding stylistic creativity and cultural authenticity.

REFERENCES:

1. Fernando, C. (1996). *Idioms and Idiomaticity*. Oxford: Oxford University Press.
2. Gibbs, R. W. (1994). *The Poetics of Mind: Figurative Thought, Language, and Understanding*. Cambridge: Cambridge University Press.
3. Baker, M. (2011). *In Other Words: A Coursebook on Translation* (2nd ed.). London: Routledge.
4. Kövecses, Z. (2010). *Metaphor: A Practical Introduction* (2nd ed.). Oxford: Oxford University Press.
5. Moon, R. (1998). *Fixed Expressions and Idioms in English: A Corpus-Based Approach*. Oxford: Clarendon Press.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18769651>

UDC: 811

CULTURAL INFLUENCES ON THE LEARNING AND TEACHING OF ENGLISH IDIOMS

ТУРГАРИНА АҚЕРКЕ БАИЖАНҚЫЗЫ

Университет «Мирас», Шымкент, Казахстан
Сектор иностранных языков, магистратура, 2- курс

Аннотация: Данное исследование посвящено культурному влиянию на процесс изучения и преподавания английских идиом. Идиомы, как фиксированные выражения с переносным значением, часто глубоко укоренены в культурном и историческом контексте, что делает их понимание и правильное использование сложными для изучающих английский язык как иностранный или второй. Исследование рассматривает, как культурные знания влияют на понимание, усвоение и методы преподавания идиоматических выражений в английском языке. В работе анализируются различные коммуникативные ситуации, включая обучение в классе, медийные тексты, литературу и повседневное общение, с акцентом на трудности, с которыми сталкиваются учащиеся при столкновении с идиомами, имеющими специфические культурные ссылки. Также подчеркивается важность включения культурного контекста в процесс обучения языку для улучшения понимания, запоминания и практического использования идиоматических выражений. Анализ примеров употребления идиом и эффективных методов преподавания показывает, что интеграция культурных знаний в процесс изучения языка повышает коммуникативную компетенцию учащихся и развивает их межкультурную осведомленность.

Ключевые слова: идиомы, преподавание английского языка, культурное влияние, изучение языка, образный язык, межкультурная коммуникация, педагогика, овладение языком.

Abstract: This study explores the cultural influences on the learning and teaching of English idioms. Idioms, as fixed expressions with figurative meanings, are often deeply rooted in cultural and historical contexts, making them challenging for non-native speakers to understand and use correctly. The research investigates how cultural knowledge affects the comprehension, acquisition, and teaching strategies of idiomatic expressions in English as a foreign or second language. The study examines various communicative settings, including classroom instruction, media texts, literature, and everyday conversation, highlighting the challenges learners face when encountering idioms with culturally specific references. It also emphasizes the importance of incorporating cultural context into language teaching to improve learners' understanding, retention, and practical use of idiomatic expressions. By analyzing examples of idiomatic usage and effective teaching approaches, the study demonstrates that integrating cultural knowledge into language learning enhances learners' communicative competence and intercultural awareness.

Key words: idioms, English language teaching, cultural influence, language learning, figurative language, cross-cultural communication, pedagogy, language acquisition.

Introduction

